

**Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы  
«Дарын» қосымша білім орталығы**



**Дарынды ұрпақ – болашақ кепілі**

Орал қаласы – 2021

Басылымға Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде бекітілді.

Хаттама № 2021 ж.

### **Құрастырғандар:**

Г.Г.Дуйсенғалиева - «Дарын» қосымша білім орталығы директоры  
А.А.Тоғузбаева - «Дарын» қосымша білім орталығы директорының оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары  
А.Ж.Сисенбаева - «Дарын» қосымша білім орталығы директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары  
Е.Н.Нариманов - «Дарын» қосымша білім орталығы ақпараттық баспа бөлімінің әдіскері

### **Пікір жазғандар:**

Ф.А.Сүлейменова - Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының адамгершілік рухани даму және тәрбие жұмыстары бөлімінің басшысы  
Ж.М.Бекжанова - Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білімді дамыту бөлімінің бас маманы  
У.К.Куспанов - педагогика ғылымдарының доценті

«Дарынды ұрпақ-болашақ кепілі» Батыс Қазақстан облысындағы дарынды балалармен жүргізілген іс – шаралар қорытындысы туралы жинағы – Орал қаласы: «Дарын» қосымша білім орталығы, 2021., 61 б.

Бұл жинаққа 2020 жылы облыстағы дарынды балалармен жүргізілген жұмыстың қорытынды материалдары берілген.

Облыстағы дарынды балаларды анықтау, дамыту мақсатында жүргізілген жұмыстар бойынша халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі өткізілген әр түрлі интеллектуалдық іс-шаралар, олимпиадалар мен жарыстар қатысқан оқушылармен оның жеңімпаздары туралы мәліметтер жинақталған.

Жинақ пән аудандық (қалалық) білім бөлімі қызметкерлеріне, мұғалімдеріне, жаңашыл тәжірибені таратушыларға және мектеп оқушыларына арналған.

© «Дарын», 2021 ж.  
Компьютерлік теру және баспа  
«Дарын» ҚБО ақпараттық баспа  
бөлімінде жасалған.



## Дарынды ұрпақ-болашақ кепілі

БҚО білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығы облысымызда дарынды балаларды анықтау, қолдау мен дамыту айналысып келеді. Жыл сайын, оқушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру, олимпиада, зияткерлік ойын, конкурс, жарыстарды дәріптеу, ғылымдар негізіне қызығушылықты арттыру мақсатында өткізілетін 80-нен астам облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі шараларға жылда мыңнанан астам оқушы қатысады.

2020 жылы орталықта осыған дейін өткізіп келе жатқан түрлі олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурстары, шығармашылық байқаулармен бірге Елбасының ұсынған «Ел Үміті» бастамасы қабілетті балалар мен жастарды анықтауға және қолдауға, экономиканың негізгі салаларының көшбасшыларын дамытуға арналған «Елбасы медалі», «Мың бала» жобалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Шексіз өмір» фестивалі ұйымдастырылып өткізілді.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 18110 мыңға жуық оқушылары 2020 жылы облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстармен байқаулар қатысты. Жыл қорытындысы бойынша 2707 жеңімпаз, оның 1441- облыстық, 919-республикалық және 347 халықаралық деңгейде.

	Жалпы	I орын	II орын	III орын
Халықаралық	347	47	107	193
Республикалық	919	231	253	435
Облыстық	1441	482	409	550
<b>Жалпы</b>	<b>2707</b>	<b>760</b>	<b>769</b>	<b>1178</b>



## Халықаралық және республикалық олимпиадалар, ғылыми жобалармен конкурстардың көрсеткіштері

### ХҮІ халықаралық Жәутіков олимпиадасы



Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері келесі болып табылады: дарынды оқушыларды анықтаудың оңтайлы жағдайларын жасау, олардың одан әрі зияткерлік дамуына және кәсіби бағдарлануына, оқушылар арасында физика-математика және IT ғылымдарының тарауына ықпал ету және насихаттау, әр түрлі елдердің физика-математикалық мектептерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2020 жылғы 8-14 қаңтар аралығында өткен халықаралық олимпиадаға облыстан 4 оқушы қатысып, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 10 сынып оқушысы **Шинбай Алмаз** ІІ-ші орын күміс медаль, осы мектептің 9 сынып оқушысы **Мақсотов Жамбыл** ІІІ-ші орын қола медалімен марапатталды.

### Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсы



Жолдасбеков атындағы математикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсы ғылыммен айналысатын талантты оқушылардың интеллектуалдық жарысы болып табылады. Бұл математика саласында дарынды балаларды анықтау мен қолдаудың бір түрі.

Конкурстың басты мақсаты - оқушылардың математикадан білімін дамытуға барынша ықпал жасау, олардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру жүйесін және құрылымын жетілдіру. 2020 жылдың 1-3 наурыз күндері аралығында өткен конкурсқа облыстан қатысқан 3 оқушының **2-уі алтын медаль иегері** атанды Олар: Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 11 сынып оқушылары: **Шакулов Бауыржан** мен **Мырзабайұлы Иманғали**.

### "Ғылым әлемін ашамыз" ғарыштық зерттеулер бойынша XVI Халықаралық ғылыми онлайн жарыс



2020 жылдың 22-23 мамыр күндері өткен ғарыштық зерттеулер бойынша Халықаралық ғылыми жарыстардың негізгі мақсаттары және міндеттері дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау; ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты балалардың және жасөспірімдердің қызығушылығын дамыту; отандық және әлемдік ғарыш жетістіктерін насихаттау; ғарыштық және ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ынталандыру бағытында өткізілген «Ғылым

әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша ХУІ –ші Халықаралық ғылыми жарысқа облыстан қатысқан 10 оқушының 9 жүлдемен оралды.

**Юмдасова Элиза I орын.** Орал қаласындағы М.Мәметова атындағы № 27 физика-математика бағытындағы мектеп лицейдің 10 сынып оқушысы

**Абай Арсен I орын.** Орал қаласындағы Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп лицейдің 8 сынып оқушысы

**Алимбаева Дильназ II орын.** Шыңғырлау ауданы А.Тихоненко атындағы Лубен жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы

**Сағын Даниял III орын.** Теректі ауданы Шаған жалпы орта білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы

**Турсунова Меруерт III орын.** Орал қаласы №41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы

**Адилов Сержан III орын.** Орал қаласы №41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейдің 7 сынып оқушысы

**Сейткерей Адель III орын.** Шыңғырлау ауданы А.Тихоненко атындағы Лубен жалпы орта білім беретін мектебінің 10 оқушысы

**Мұхтарұлы Ермек III орын.** Қаратөбе ауданы Қаратөбе мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы

**Сұлтанғалиев Даулет III орын.** Теректі ауданы Шаған жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы.

### **Әл-Фараби атындағы жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша Халықаралық олимпиада**



2020 жылдың 30 қазан айында Әл-Фараби атындағы жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша Халықаралық олимпиада өтті. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері – дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау, оқу пәндеріне қызығушылықты дамыту,

оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту, олардың мәдени диапозын кеңейту, сабақтан тыс жұмыстарды жандандыру, қатысушыларға өз білімдері мен мен дағдыларын балама бағалауға мүмкіндіктер беру.

Олимпиадаға математика, физика, химия, биология, география пәндері бойынша Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, алыс және жақын шетелдердің барлық білім беру ұйымдарының **10 сынып оқушылары** ерікті түрде қатысты. Батыс Қазақстан облысынан қатысқан 664 оқушының 328 жеңімпаз атанды. Оның ішінде **I орынды -41 оқушы, II орынды-104 оқушы, III орынды-183 оқушы** иеленді.

## Ә. Бектұров атындағы Халықаралық химия олимпиадасы



Олимпиада белгілі ғалым, Қазақстандағы химия ғылымының негізін қалаушы, академик Әбікен Бектұровтың құрметіне арналған халықаралық химия олимпиадасы.

Олимпиадаға жыл сайын Қазақстанның барлық аймағынан, Нұр-Сұлтан, Алматы ққ., республикалық білім беру ұйымдарынан, «Назарбаев Зияткерлік мектептерінен», Ресей Федерациясының Омбы, Новосібір қалалары мен Татарстан және Саха (Якутия) Республикаларынан оқушылар қатысады. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері – дарынды балалар анықтау, оқу пәндеріне қызығушылықты дамыту, қатысушыларға өз білімдері мен дағдыларын балама бағалауға мүмкіндіктер беру. Ә. Бектұров атындағы Халықаралық химия олимпиадасына 2020 жылғы 25-26 ақпан күндері аралығында қатысқан **Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 10 сынып оқушылары: Тасмуханов Руслан II орын күміс, Бекбулат Қайсар III орын қола медаль иегерлері атанды.**

## Қ.Сәтбаев атындағы Халықаралық олимпиада



Фундаменталдық ғылымдар саласында оқушылардың шығармашылығын дамыту, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге қызығушылық танытқан талантты балаларды анықтау мен қолдау мақсатында Қ.Сәтбаев атындағы Халықаралық олимпиада өткізіледі. Олимпиаданың ерекше көрінісі – математикалық және ғылыми-жаратылыстану бағыттағы пәндері бойынша кіріктірілген тапсырмалар. 2019-2020 оқу жылы Қ.Сәтбаев атындағы Халықаралық олимпиадасында 3 оқушыға **сертификат табысталды: Насипов Алишер** - Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы, **Тапанова Айнуր** - С.Сейфуллин атындағы № 11 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттың 9 сынып оқушысы, **Мұрат Армат** - Тасқала ауданы «Сәулет» мектеп –лицейі 9 сынып оқушысы.

## Информатика пәнінен халықаралық XII Евразиялық олимпиада




Олимпиаданың басты мақсаты - оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, мектеп-оқушыларының ақпараттық мәдениетін дамыту және есптеу ғылымдары, компьютерлік модельдеу және ақпараттық технологиялар саласындағы ең дарынды жастарды анықтау. Батыс Қазақстан облысынан 4 оқушы қатысты, 4 жеңімпаз, оның ішінде I орын-2, III орын-2.

**Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының оқушылары Шинбай Алмас**

**I орын, Мақсотов Жамбыл I орын, Нұрлан Нұрмұқан III орын, Хабдрашит Ершат III орын.**

	Жалпы	I орын	II орын	III орын	Алғыс хат
ХҮІ халықаралық Жәутіков олимпиадасы	2		1	1	
Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсы	2	2			
"Ғылым әлемін ашамыз" ғарыштық зерттеулер бойынша XVI Халықаралық ғылыми жарыс	9	2	1	6	
Әл-Фараби атындағы жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша Халықаралық олимпиада	328	41	104	183	
Ә.Бектұров атындағы VI Халықаралық олимпиадасы	2		1	1	
Информатикадан халықаралық Еуразиялық олимпиада	4	2		2	
Қ.Сәтбаев атындағы Халықаралық олимпиада	3				3



## Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңі



2020 жылдың ақпан айында оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру; ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу мақсатында өткен **жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңіне қатысқан 17 оқушыдан 5 оқушы күміс медаль жұлдегері атанды.**

**Мусакулов Таир - II орын** Бәйтерек ауданы Переметный жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы;


**Пантелеева Дарья - II орын** Орал қаласы Эстетикалық бағыттағы жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының оқушысы;

**Каташева Зарина - II орын** Жаратылыстану-математика бағытындағы №41 мектеп-лицейінің оқушысы;

**Рогова Айнура - II орын** Жаратылыстану-математика бағытындағы №41 мектеп-лицейінің оқушысы;

**Кабуева Алина - II орын** № 8 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептің оқушысы.

### Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінің соңғы 3 жылдағы жеңімпаздары мен жұлдегерлері





## Республикалық жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша жасөспірімдер (юниорская) олимпиадасының республикалық кезеңі



Олимпиаданың басты мақсаты - оқушылардың жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуға қызығушылығын арттыру, жоғары деңгейдегі олимпиадаларға жасөспірімдерді даярлау жүйесін жетілдіру және резерв құру мақсатында өткізілген **Республикалық жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша жасөспірімдер (юниорская) олимпиадасының республикалық кезеңіне** облыстан 1241 оқушы қатысты соның 362 жеңімпаз атанды, оның ішінде: 79 оқушы -I орын, 116 оқушы -II орын, 166 оқушы -III орын.

### «Бастау» XIII Республикалық математикалық онлайн турнирі



Турнир – бастауыш мектеп оқушылары арасында математикаға ерекше қабілетті дарынды балаларды анықтау, дамыту және оларға қолдау көрсету, математикадан оқушылардың білімін тереңдету және кеңейту мақсатында өткен шараға облысымыздан республикалық кезеңге 6 оқушы қатысты, 6 жеңімпаз анықталды, оның ішінде: 1-I орын, 1-II орын, 4-III орын.

**Батырхан Ескендір I орын** № 8 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептің 4 сынып оқушысы;

**Жақсыбай Айсана II орын** С.Сейфуллин атындағы № 11 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттың 2 сынып оқушысы;

**Митрясова Ульяна III орын** № 8 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептің 3 сынып оқушысы;

**Жамбулова Алуа III орын** № 8 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептің 2 сынып оқушысы;

**Мұхит Нұржігіт III орын** С.Сейфуллин атындағы № 11 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттың 3 сынып оқушысы;

**Темірхан Ералы III орын** С.Сейфуллин атындағы № 11 облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттың 4 сынып оқушысы.

Облыс оқушылары **командалық II орын** иеленді.

### Республикалық информатика пәнінен қашықтық олимпиадасы



Информатика пәні бойынша республикалық олимпиадасы – республикалық деңгейде интеллектуалды біріншілікте сайысатын бүкіл әлемнің жас программистерін біріктіретін жарыс.

Информатика бойынша республикалық олимпиадасының негізгі мақсаты – әр түрлі елдерден информатика және ақпараттық технологиялар саласында талантты оқушыларды анықтау және қолдау болып табылатын олимпиадаға облыстан 5 оқушы қатысып, 3-уі жеңімпаз атанды, оның: 2-I орын, 1-II орын. Олар:

**Шинбай Алмас I орын** Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 10 оқушысы;

**Максотов Жамбыл I орын** Дарынды балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 10 оқушысы;

**Нұрлан Нұрмұқан II орын** Дарынды мектеп-лицей интернатының оқушысы балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 11 оқушысы.

### XXI республикалық Абай оқулары



ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына тұспа-тұс келген жалпы білім беру ұйымдарының 8-11(12) сынып оқушылары арасында XX республикалық Абай оқуларын 2020 жылғы 23-25 тамыз күндері аралығында өткен.

Абай оқуларының негізгі мақсаты мен міндеттері: қазақ халқының әдебиет мұраларын дәріптеу, мектеп оқушыларының классикалық әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Абай және Шәкәрім шығармаларындағы эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлылар поэзиясына, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Еліміздегі пандемияға байланысты биыл Абай оқулары ерекше форматта өтті, себебі алғаш рет қашықтықтан Zoom платформасы арқылы онлайн режимде ұйымдастырылды, сонымен қатар, номинациялар бойынша YouTube каналында тікелей трансляция жүргізілді. Облыстық **Абай оқулары байқауының 6 жеңімпазы республикалық кезеңге қатысып 3 оқушы номинациямен марапатталды. Олар:**

**Айсиев Асхат - "Жас зерттеуші" номинациясы** (Бөрлі ауданы Ақсай қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы);

**Дидарқызы Дильназ - "Жас ақын" номинациясы** (Жаңақала ауданы Айдархан жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы);

**Бисембай Аружан "Үздік орындаушы" номинациясы** (Орал қаласы №39 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы).

### XIII Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңі



Жалпы білім беретін ұйымдарының түлектеріне арналған XIII Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңі

Президенттік олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері: орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау; жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқутуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен


дағдыларын тереңдету; тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

Облыстан республикалық кезеңге 9 оқушы қатысып, 2 оқушы қола медаль иеленді

Олар: **Ибрагим Диас III орын** - дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 11 оқушысы;

**Қайырбекова Аяжан III орын** - Ақжайық ауданы Қ. Байсықов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы.

### Жалпы білім беретін ұйымдарының түлектеріне арналған Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңінің соңғы 4 жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері



### 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиада



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі **2020 жылдың 23 желтоқсанында** 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) онлайн тәртібінде zoom және exam.net платформалары арқылы өткізілді. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері жалпы білім беру мекемелері білім алушыларының шығармашылық қабілеттерін және танымдық қызметке қызығушылығын анықтау және дамыту, дарынды балаларды қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ ғылыми білімді насихаттау болып табылады.

Облыс бойынша олимпиадаға қатысқан 24 оқушының 13-і жеңімпаздар мен жүлдегерлер атанып, I, II және III дәрежелі дипломдармен және 3 оқушы грамотамен марапатталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша Теректі ауданы Федоров жалпы білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы **Бақтан Мұратжан** және дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 6 сынып оқушысы **Диниш Сурайя I дәрежелі дипломға** ие болды.

Математика пәні бойынша Орал қаласы №42 «Ақ ниет» гимназиясының 6 сынып оқушысы **Молдаш Қайдар**, Ақжайық ауданы Қаршы жалпы орта білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы **Құрманғалиев Жәніс**, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша Казталов ауданы Көктерек жалпы орта білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы **Тілеген Ақерке** және Қазақстан тарихы бойынша дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 6 сынып оқушысы **Тлесова Алия II дәрежелі дипломдарды** иеленді.

Математика пәні бойынша дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 5 сынып оқушысы **Мұрат Айару**, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша Орал қаласы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы **Мәлік Эленора**, ағылшын тілі пәні бойынша Орал қаласы №37 жалпы орта білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы **Кенжеғалиев Алихан**, Бәйтерек ауданы Камен жалпы орта білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы **Карткужакова Камила**, жаратылыстанудан Теректі ауданы Богдан негізгі мектебінің 5 сынып оқушысы **Жумашев Ринат**, Бәйтерек ауданы Рубежин жалпы орта білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы **Сұлтанов Алихан** және Қазақстан тарихы пәні бойынша Орал қаласы №46 жалпы білім беретін орта мектебінің 6 сынып оқушысы **Руслан Данияр III дәрежелі дипломдар мен** марапатталды.

Казталов ауданы Казталов мектеп-лицейінің 5 сынып оқушысы **Иманғазы Назерке** ағылшын тілі пәнінен, Тасқала ауданы «Сәулет» мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы **Мусинов Нұршат** жаратылыстанудан және Тасқала ауданы Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы **Рамазанова Асылай** қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша грамота берілді.

### **Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында қашықтықтан республикалық "Абай әлемі" шығармашылық байқауы**



Байқау 2020 жылдың 10-11 желтоқсан күндері аралығында өтті. Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеттері Кеменгер Абайдың ақындық болмысына терең үңілуге, оның шығармашылық өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдана алуға бағыттау; зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту; Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады. Абай әлемінің мән –маңызымен қадыр-қасиетін түсіндіруге бейімдеу; Абай шығармашылық тәрбиелік-тағылымдық маңызын

менгеру; Абайша ойлауға ұмтылу, сөйлеу мәдениетін үйренуге, тіл тазалығын сақтауға дағдылану және күнделікті өмірде қолдану мақсатында өткен байқауға облыстан қатысқан 12 оқушының 9-і жүлдегер атанды.

**Ибрагим Мәдина I орын** Бәйтерек ауданы Дариян мектеп-гимназия интернатының 9 сынып оқушысы

**Телекқалиева Ақжарқын I орын** Орал қаласы Ә. Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы,

**Қабиден Бекнұр II орын** Казталов ауданы К. Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі 8 сынып оқушысы,

**Дидарқызы Дильназ II орын** Жаңақала ауданы Айдархан жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы,

**Ерболат Манас II орын** Казталов ауданы Казталов мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы

**Абдраманова Жансая II орын** Бәйтерек ауданы Қ. Аманжолов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы,

**Болат Айнара , Марьяк Дильназ III орын** - дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 9 сынып оқушылары,

**Наурызғалиева Назерке III орын** Казталов ауданы К. Мендалиев атындағы орта жалпы білім беретін мектебі 11 сынып оқушысы ,

### **"Менің Кіші Отаным" жас тарихшылар интеллектуалдық конкурсының республикалық кезеңі**



Конкурстың мақсаты: туған елдің тарихына аса қызығушылық танытатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдық белсенділігін дамытуға, өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру, мектеп оқушыларының тарих және өлкетану бойынша білімін дамыту, ұлттық өзін-өзі тануына және олардың кішкентай Отанына деген мақтанышын арттыру.

Конкурс 2020 жылдың 3-4 қараша күндері аралығында қашықтықтан «Менің кіші Отаным» атты республикалық интеллектуалдық байқауына облыстан 4 оқушы қатысып 3-уі жүлделі орынға ие болып "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамоталарымен марапатталды

**Сағидоқас Нұрәділ I-орын** Сырым ауданы жалпы орта білім беретін Бұлан балабақша кешенінің 10 сынып оқушысы

**Ертілеу Қымбат Грамота** Теректі ауданы Чапаев жалпы орта білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы,

**Ұзаққайырова Аружан Грамота** - Ақжайық ауданы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы.

## Республикалық Қ.И.Сәтбаев атындағы олимпиадасы



"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 2020 жылдың 3 қараша күні қашықтан қаныш сәтбаев атындағы химия пәнінен республикалық олимпиада өткізілді.

Республикалық олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: тұлғаның өзін-өзі тануына жәрдемдесу, дарынды балаларды анықтауға жағдай жасау, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын тереңдету болып табылады. Олимпиадаға батыс Қазақстан облысынан 3 оқушы қатысып, нәтижесінде **Рысқали Жанарыс** дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 9 сынып оқушысы **алтын медаль және I дәрежелі дипломмен марапатталды.**

### Республикалық жаратылыстану-математика бағыты пәндері бойынша жасөспірімдер (юниорская) олимпиадасының республикалық кезеңі



Олимпиада 2020 жылғы 28 қазан күні өткізілді, олимпиаданың басты мақсаты - оқушылардың жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқытуға қызығушылығын арттыру, жоғары деңгейдегі олимпиадаларға жасөспірімдерді даярлау жүйесін жетілдіру және олимпиадалық резерві құру болып табылады. 25 оқушы қатысты, 9 жеңімпаз, оның ішінде:

**Маулет Әділет II орын** дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы

**III орын- Имангазиев Мәди 9 сынып, Мағзом Нұрберген мен Кенжебекұлы Тамерлан 8 сынып** дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының оқушылары;

**Хожантаева Алина III орын** - дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектебінің 8 сынып оқушысы;

**III орын- Махмет Асет 8 сынып, Васюра Руслан және Кривошеева Алена 9 сынып** оқушылары Орал қаласы №35 мектеп-лицейінің оқушылары,

**III орын Муратова Жанар** дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей интернатының 8 сынып оқушысы.

### Республикалық қашықтық олимпиада



Онлайн республикалық қашықтық олимпиадасының негізгі мақсаты – әр түрлі елдерден информатика және ақпараттық технологиялар саласында талантты

оқушыларды анықтау және қолдау болып табылатын олимпиада.

Байқауға **Информатика пәнінен** облыстан 5 оқушы қатысып, 3-уі жеңімпаз атанды, оның : I орын -2,II орын-1.

**Шинбай Алмас I орын** Дарынды балаларға арналғанмамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 10 оқушысы;

**Мақсотов Жамбыл I орын** Дарынды балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей интернатының 10 оқушысы;

**Нұрлан Нұрмұқан II орын** дарынды мектеп-лицей интернатының оқушысы балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ мектеп-лицей интернатының 11 оқушысы.

**Физика пәнінен** облыстан 6 оқушы қатысып, 1 оқушы жүлдегер атанды.

**Уксукбаев Тимур II орын** - дарынды мектеп-лицей интернатының оқушысы балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ мектеп-лицей интернатының 9 оқушысы.

**География пәні** бойынша 5 оқушы қатысты, оның ішінде бір оқушы жүлдегер. **Утегалиев Нұсұлтан II орын** Теректі ауданы, Теректі аудандық лингвистикалық гимназиясының 11 сынып .

### **8-11 сынып оқушылары арасында әл-Фараби атындағы республикалық ғылыми-конкурсы**



Ұлы ғалым Әбу насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу аясында оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын дамыту мақсатында 2020 жылдың 23-27 қарашасы күндері аралығында 8-11 сынып оқушылары арасында әл-Фараби атындағы республикалық ғылыми конкурсы өткізілді.

Елімізде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты Ғылыми конкурс қашықтықтан 7 секция (физика, Жер және ғарыш туралы ғылымдар, математика, информатика, биология, химия, қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығын сақтау) бойынша онлайн режимінде өтті. Конкурса облыстан 85 оқушы қатысты.

Конкурстың қорытындысы бойынша: **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломымен Қапасова Айдана** дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектебінің 10 сынып оқушысы, **III дәрежелі дипломымен Яфаров Богдан** Бәйтерек ауданы Переметный жалпы орта білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы және **Макимова Диялар** Тасқала ауданы "Сәулет" мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы марапатталды.

## 8-10 сынып оқушыларына арналған қолданбалы лингвистика пәні бойынша республикалық олимпиада



8-10 сынып оқушыларына арналған қолданбалы лингвистика пәні бойынша республикалық олимпиаданың республикалық кезеңі 2020 жылдың 20 қараша күні Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларды анықтау, қолдау көрсету, қолданбалы лингвистика бойынша оқушылардың білімдерін жетілдіру және тереңдету мақсатымен өткізілген олимпиадаға облысымыздан қатысқан 3 оқушының 3 –оқушы жүлдегер атанды. **I-орын Нәсіпқали Мөлдір(8 сынып) II-орын Есенгарина Айгерім (9 сынып), III-орын Махсот Аяна (10 сынып) Қаратөбе ауданы Қаратөбе мектеп-гимназиясының оқушылары.**

## Шығармашыл оқушылар арасындағы VII республикалық "Ақберен" өнер байқауы



Шығармашыл оқушылар арасындағы VII республикалық "Ақберен" өнер байқауы 8-11 сынып оқушыларына 2020 жылдың 9- 12 желтоқсан күндері аралығында байқау өткізілді.

айқаудың мақсаты мен міндеті: 8-11 сыныптың шығармашыл оқушыларының гуманитарлық-эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін таңдауға шығармашылық қабілетті, өлең жазу, тапқырлық қырын, дарынынын таныту, олардың шығармашылық қабілеттеріне (ақындық, шешендік шеберлігі, түрлі ұлттық аспапта ойнау, т.б.) қолдау көрсетіп, ары қарай дамытуына жол ашу мақсатында өткізілген республикалық байқауға Облыстың кезеңнің 6 жеңімпазы қатысып, **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢІНЕН 2 оқушы Аманғалиева Нұрайна** - Казталов ауданы Көктерек орта жылпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы мен **Темір Нұрдана** - дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы **II дәрежелі дипломмен** және **Ерболова Ақгүлім** - дарынды балаларға арналған С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 11 сынып оқушысы **номинация бойынша дипломмен**, **Амангелді Шапағат** - дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 9 сынып оқушысы **грамотамен** марапатталды



### III Республикалық Қадыр оқулары



Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, қазақ әдебиетінің ірі өкілі Қадыр Мырза Әлінің 85 жылдығына орай, ақын өлеңдерін насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 2020 жылдың 24 желтоқсаны күні III Республикалық Қадыр оқулары онлайн түрде өтті. Үш бөлімнен тұратын байқауға Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Ақмола, Жамбыл, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстарынан барлығы 33 оқушы қатысты.

**Республикалық кезеңге жолданған Батыс Қазақстан облысының оқушылары:**

Жүсіп Ақжол – дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №1 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы;  
Қонысбайқызы Ақкенже – Бәйтерек ауданы, Белес жалпы орта білім беретін мектебінің 7 сынып оқушысы;

Мерекеұлы Қадыр – Орал қаласы №19 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы.

**Сырым ауданы бойынша:**

Оразбек Сырымбек – Сырым ауданы, Ж.Досмұхамедов атындағы жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешенінің 6 сынып оқушысы, Ж.Ерман атындағы айтыс мектебі;

Юнус Нұрсая – Сырым ауданы, ЖББ жалпы білім беретін Қособа орта мектеп-балабақша кешенінің 6 сынып оқушысы;

Өміржан Ерасыл – Сырым ауданы, Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебінің 8 сынып оқушысы, Сырым аудандық «Саз мектебі».

«Сөзім барда – өзім бар» бөлімінде ақынның шығармаларын [Zoom](#) видеобайланысы арқылы нақышына келтіріп, жатқа оқыған барлығы 10 оқушы қатысты.

**Бас жүлде – Жүсіп Ақжол** Батыс Қазақстан облысы дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №1 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы.

**I орын – Юнус Нұрсая** Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа орта мектеп-балабақша кешенінің 6 сынып оқушысы.

**II орын – Ержан Гүлнара** Алматы облысы Көксу ауданы Қызылтоған орта мектебінің 9 сынып оқушысы;

**III орын – Уәлихан Арайлым** – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе лицейінің 9 сынып оқушысы.

**III орын – Көмекова Жансая** Алматы қаласы Жетісу ауданы №108 жалпы білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы;

**III орын-Нұрхамит Ділназ** – Нұр-Сұлтан қаласы №64 мектеп-лицейінің бсынып оқушысы;

**III орын-Мұхамбетова Аяла** – Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы.

Үш оқушы алғыс хатпен марапатталды.

«Болу үшін жаралғам туған жердің жырауы...» бөлімінде үміткер Қадыр Мырза Әлі сөздеріне жазылған 1 әнді орындап, инстаграм парақшасында [#QadyrОқулары85ән](#) хэштегімен салды. Бұл бөлімге барлығы **11 оқушы** қатысты.

**Бас жүлде – Жүнісбек Нұрасыл** Алматы облысы Талғар ауданы № 31 орта мектебінің 6 сынып оқушысы.

**I орын – Абдулқасым Назым** Қызылорда облысы Қармақшы ауданы №108 орта мектептің 8сынып оқушысы;

**II орын – Максимов Мирас** Алматы қаласы Алмалы ауданы №128 жалпы білім беретін мектебінің 6 сынып оқушысы;

**Өміржан Ерасыл** Сырым ауданы «Саз мектебі», Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебінің 8сынып оқушысы;

**III орын – Мұхтар Арнұр** Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы №42 орта мектебінің 9 сынып оқушысы;

**III орын-Сатыбалды Ақнұр** Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе гимназиясы 8сынып оқушысы;

**III орын-Елешқызы Шұғыла** Ақмола облысы Көкшетау қаласы Абай атындағы дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 11сынып оқушысы.

Төрт оқушы алғыс хатпен марапатталды.

«Өлең жаздым тоғыз тарау, жеті өрім» бөлімінде қатысушының ақындық шеберлігін тексеру мақсатында қатысушы Қ.Мырзалиевке арналған өзі шығарған өлеңін ұсынып, мәнерлеп оқып инстаграм парақшасында [#QadyrОқулары85ақын](#) хэштегімен салып және өз шығармалары жинағын электронды почта арқылы жолдаған барлығы 12 оқушы қатысты.

**Бас жүлде – Мерекеұлы Қадыр** Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы №19 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы.

**I орын – Оразбек Сырымбек** Сырым ауданы Ж.Досмұхамедов атындағы жалпы білім беретін мектеп-балабақшакешенінің 6 сынып оқушысы;

**II орын – Тұрсын Ерсайын** Алматы облысы Сарқан ауданы Н.Островский атындағы мектеп лицейінің 10 сынып оқушысы;

**II орын-Сейілбек Ханзада** Қызылорда облысы Сырдария ауданы №37 мектеп-лицейінің 10сынып оқушысы;

**III орын – Қуандық Ілияс Серперұлы** Жамбыл облысы Байзақ ауданы Дикан тірек мектебі 10 сынып оқушысы;


**III орын-Мәліков Уәли** Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе гимназиясының 11 сынып оқушысы;

**III орын-Оркенқызы Аяулым** – Нұр-Сұлтан қаласы №55 ОМ 10 сынып оқушысы.

Төрт оқушы алғыс хатпен марапатталды.

Сырым ауданы әкімінің «Арнайы сыйлығы» – Токкожаев Жамбыл Ерболович Қостанай облысы Рудный қаласы Рудный қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы марапатталды.

### **Қашықтықтан 1-6 сынып оқушылары арасында "DARYN ECOART" суреттер мен қолөнер бұйымдарының республикалық экологиялық конкурсы**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың балаларға экологиялық сана-сезімді қалыптастыру, мәдениетті өсіру қажеттілігі туралы үндеуі шеңберінде, сондай-ақ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 23 қыркүйегіндегі №401-1/15-11-06 хатына сәйкес қашықтықтан білім алушыларға экологиялық сана-сезімді қалыптастыру, еліміздің табиғатын қорғаудың айрықша маңыздылығын түсіну, экологиялық құндылықтарды бойына сіңіру, оқушылардың назарын Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық проблемаларға аудару, шығармашылық және экологиялық білім беруді дамыту мақсатында «DARYN ECOART» суреттер мен қолөнер бұйымдарының республикалық экологиялық конкурсы өткізілді. Республикалық кезеңге 16 оқушы жолдама алып, 7 оқушы жеңімпаз атанды: I орын-1, II орын-1, III орын-3, Алғыс хат-2.

«DARYN ECOART» республикалық суреттер мен қолөнер бұйымдарының экологиялық конкурсында туған өлкенің пейзажы мен табиғаты тақырыбында үздік сурет бағыты бойынша Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 4 сынып оқушысы **Аманғали Сәуле I дәрежелі диплом**мен марапатталса, қайта өңделген материалдар мен қалдықтардан және т.б. жасалған ең үздік көркем қолөнер сурет бағыты бойынша С. Ғұмаров атындағы балалар көркем сурет мектебінің үйірме мүшесі **Нұрадин Даниял II дәрежелі диплом**, С. Ғұмаров атындағы балалар көркем сурет мектебінің үйірме мүшесі **Қабдолла Наргиз III дәрежелі диплом**, Ақжайық ауданы балалар шығармашылығы орталығының үйірме мүшесі **Әміржан Айгүл III дәрежелі диплом**, Орал қаласы Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейінің 5 сынып оқушысы **Исмагулова Айшат III дәрежелі дипломдармен** марапатталды.

## "Мамандықтар әлемін ашамыз" республикалық форумы



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 19 тамыздағы №15-53/171 хатына сәйкес Қазақстанның еңбек нарығында және экономикасында сұранысқа ие болашақ мамандықты табысты таңдау үшін оқушылардың кәсіпті зерделеуге шығармашылық көзқарасын белсенділендіру, оқушылар мен оқытушыларды бірлескен әлеуметтік маңызы бар кәсіптік бағдарлауға тарту мақсатында «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумының республикалық кезеңі ағымдағы жылдың 10-12 қарашада қашықтық форматында өткізілді. Форумға облысымыздан **9 оқушы** қатысып, **1 оқушы** жеңімпаз атанды: **«Мамандық таңдайтын уақыт» номинациясы бойынша** облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 10 сынып оқушысы **Қанат Бегарыс /жетекшісі Ж.Бердибекова/** жүлделі **II** дәрежелі дипломмен марапатталды.

## "Шексіз өмір" ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға арналған республикалық фестиваль



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 7 қазандағы №433-1/15-11-07 хатына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар шығармашыл дарынды балаларды анықтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ағымдағы жылдың 29 қазан күні «Шексіз өмір» республикалық фестивалі өткізілді.

Фестивальге республиканың әр өңірінен 14 жастан 18 жасқа дейінгі ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар қатысты. Өңірімізден 5 оқушы республикалық кезеңге жолдама алып, төмендегідей жүлделі орындарға ие болды: I дәрежелі диплом -1, II дәрежелі диплом – 2, III дәрежелі диплом -2.

**«Вокалдық орындау: жеке ән айту, вокалдық ұжым, ымдау тілінде ән айту номинациясы бойынша** облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының оқушысы **Дәріс Рысхан /жетекшісі Р.Искакова II дәрежелі дипломды** иемденсе, облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының оқушысы **Тимошенкова Анастасия /жетекшісі И.Семенова/ III дәрежелі дипломмен** марапатталды.

**«Хореография» номинациясы бойынша** зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернатының оқушысы **Латип Азат /жетекшісі А.Амандыков/ I дәрежелі дипломмен** марапатталды.

**«Көркем шығармашылық: кескіндеме, портрет, графика, фотоөнер» және «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» номинациясы бойынша** облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының оқушысы **Жанболатова Әсем /жетекшісі Б.Валиев/**

**II дәрежелі дипломмен марапатталды.**

**«Техникалық өнертабыстар» және «компьютерлік әзірлемелер, робототехника» номинациясы бойынша** Облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығының үйірме мүшесі */Облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының тәрбиеленушісі/* **Аблаев Нүртілек** /жетекшісі Е.Саханов/ **III дәрежелі дипломмен марапатталды.**

### **ECOSTAN-ға САЯХАТ" республикалық экологиялық конкурсы**



Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 2 қарашадағы №491/15-11-06 хатына сәйкес мектеп оқушылары арасында табиғатқа қатысты экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған ортаға деген құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерін насихаттау мақсатында «ECOSTAN-ға САЯХАТ» атты 7-11 сынып оқушылары арасында қашықтан республикалық экологиялық конкурсы өткізілді. Конкурс екі бағыт бойынша өткізілді:

Ең үздік натуралистік фоторепортаж (7-8 сыныптар);

Ең үздік экологиялық бейнебаян (9-12 сыныптар).

Конкурстың республикалық кезеңіне 12 оқушы қатысып, 6 жеңімпаз, оның ішінде I дәрежелі диплом - 1, II дәрежелі диплом - 3, III дәрежелі диплом - 2.

**Ең үздік натуралистік фоторепортаж (7-8 сыныптар) «Мені қоршаған әлем!» номинациясы бойынша** Ақжайық ауданы Балалар шығармашылық орталығының үйірме мүшесі, М.Әуезов атындағы №2 орта жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы **Сахипкерей Дастан III орын дәрежелі дипломмен марапатталды.**

**Ең үздік экологиялық бейнебаян (9-11 сыныптар) «Eco-Nazar: біздің қасымыздағы экологиялық проблема» номинациясы бойынша** Тасқала ауданы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы **Чукалин Антон II дәрежелі диплом**, Облыстық экологиялық-биологиялық орталығының «Эколидер» үйірме мүшесі **Куанышкалиев Нурсултан III дәрежелі диплом**, «Ғаламшарға өмір сыйла!» номинациясы бойынша Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы **Құрақ Дана III дәрежелі дипломмен марапатталды.**

## "Қазақстан балалары шексіз әлемде!" республикалық балалар кинофестивалі



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносы шығармашылық фестивалінің республикалық кезеңі 10 қыркүйек күні өткізілді.

Республикалық кезеңге облыстан 8 оқушы қатысып, «**STOP-MOTION**» номинациясы бойынша Таскала ауданы, С.Жақсығұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы **Ержанов Артур II** дәрежелі дипломмен марапатталды.

## «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауының республикалық кезеңі 23-24 қыркүйек күндері оздырылды.

**Фестиваль-байқаудың мақсаты:** білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және әрі қарай дамыту бойынша жүйелі және мақсатты жұмысты жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру. «Ақ шағала» хореографиялық фестиваль-байқауының республикалық кезеңінде **Ақжайық балалар шығармашылығы орталығының «Дарын» би ансамблі «Заманауи би» номинациясы бойынша жүлделі II дәрежелі дипломмен** марапатталды. Жетекшісі Г.Онгар.

## "Театрдың ғажайып әлемі" республикалық фестиваль байқауы



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2020 жылдың 27-28 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу, тұлғаның үйлесімді дамуы, өз ойын білдіру, әлемді эстетикалық және бейнелі тану факторы ретінде балалар мен жастардың театр шығармашылығын қолдау және дамыту, тұлғаны үйлесімді дамыту, өзін-өзі танытуға, әлемді эстетикалық және бейнелі тануына ерекше қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мақсатында

**"Театрдың ғажайып әлемі" республикалық фестиваль байқауы** өткізілді. Республикалық фестиваль-байқауына облыстық кезеңінің жеңімпазы – Орал қаласы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының «ТЮЗ» ұжымы қатысып, **«Үздік әйел адамның рөлі» номинациясын Кенжебаева Жадыра** иеленді. Жетекшісі.Э.Траисова.

### **"Алтын қазына" көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме байқауы**



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша қашықтықтан білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру мақсатында 2020 жылдың 19- 26 қазан аралығында **«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша**

**балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауы** өткізілді. Көрме-байқауға 7 оқушы қатысып, 2 оқушы жеңімпаз атанды: II дәрежелі диплом -2. **«Ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау» номинациясы бойынша** Ақжайық аудандық балалар шығармашылығы орталығының үйірме мүшесі **Төлеуғазиев Айбатыр** /жетекшісі Д.Бижанов/ **жүлделі II дәрежелі дипломмен** мапаратталса, **«Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау» номинациясы бойынша** Орал қаласы №41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы **Кунашева Аружан** /жетекшісі С.Баймурзина/ **жүлделі II дәрежелі дипломмен** марапатталды.

### **Балалар музыка мектептері және өнер мектептерінің білім алушылары - жас музыканттардың 53-ші республикалық фестиваль-байқауы**



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **«Балалар музыка мектептері және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың 53-ші республикалық фестиваль-байқауы** ағымдағы жылдың 6-8 қазан күндері өтті.

**Мақсаты:** классикалық және заманауи өнердің үздік үлгілерін меңгеру және орындау арқылы білім алушы тұлғасының рухани мәдениетін қалыптастыру, балалар музыка мектептерін және өнер мектептерін дамыту, олардың бала тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытудағы ролін арттыру.

Фестиваль-байқауға облыстық кезеңінің жеңімпаздары қатысып, **Бөкей ордасы аудандық балалар саз мектебінің хор ұжымы «Өнер қырандары» номинациясымен** марапатталды. Жетекшісі С.Рахимжанова.

**Фортепиано бөлімі бойынша орта топтан Д.Нұрпейісова** атындағы балалар саз мектебінің №2 филиалының оқушысы **Пак Елизавета III дәрежелі дипломмен** марапатталды.

### **"Менің Отаныма - менің бастамам" республикалық шығармашылық жобалар байқауы**



Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған, балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету мақсатында 2020 жылдың 14-16 қазан аралығында қашықтықтан «Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауын өткізді. Шығармашылық жобалар байқауына 9 номинация бойынша облыстық кезеңінің 9 жеңімпаздары қатысып, төмендегідей нәтиже көрсетті: I дәрежелі диплом – 1, III дәрежелі диплом – 1.

**«Мен – Қазақстанның азаматымын»** номинациясымен Назарбаев зияткерлік мектебінің 8 сынып оқушысы **Алигазиева Сабина** /жетекшісі А.С.Мағзумова / **I дәрежелі дипломмен** марапатталды.

**«Өз жылуыңмен бөліс»** номинациясы бойынша Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 8 сынып оқушысы **Серік Асылжан** /жетекшісі А.С.Әлмұқан/ **III дәрежелі дипломмен** марапатталды.

### **ЭКОЛОГИЯДАН «БАҰТАҚ ЕЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ ОЛИМПИАДАСЫ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ АҚПАРАТ**



2020 жылғы 22 желтоқсанда 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған Экологиядан «BautaqEl» республикалық қашықтық олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) өткізілді.

Олимпиаданың басты мақсаты – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, экология саласындағы заманауи процестер туралы түсініктерін кеңейту, қоршаған ортаның, жануарлар дүниесінің, денсаулық жағдайын жақсарту туралы танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Олимпиадаға ерікті түрде облыстағы білім беру ұйымдарының 9-11 (12) сыныптардан 389 оқушысы қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша 39 оқушы-I орын, 87 оқушы-II орын, 113 оқушы-III орын иеленіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі «Дарын» РҒПО дипломдарымен марапатталады.



Жеңімпаздар мен жүлдегерлер тізімін көру үшін [www.daryn.kz](http://www.daryn.kz) сайтына өтіп, оқушыларға/ қорытынды ақпарат/ Экологиядан «Baytaq EL» республикалық қашықтық олимпиадасы мәзіріне өтіңіз.


## Облыстық олимпиадалар мен конкурстар

### Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі



2020 жылдың 5-7 қаңтар аралығында **Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі** оздырылды. Олимпиаданың негізгі мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімімен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау үшін 9-11 сынып оқушыларына арналған 15 пән бойынша өткізілген олимпиаданың облыстық кезеңіне 437 оқушы қатысты. Нәтижесі бойынша 232 жеңімпаз анықталды, оның ішінде: 31-I орын, 57-II орын, 76-III орын, 69-алғыс хат. 70 оқушы республикалық кезеңге жолдама алды. Республикалық кезеңі елдегі эпидимиологиялық жағдайға байланысты өткізілген жоқ.

### Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері



## 2020-2021 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының қашықтық облыстық кезеңі



Оқушылардың ғылыми-зерттеу және зияткерлік шығармашылығын дамыту мақсатында жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей интернатының базасында 8-11 сынып оқушылары арасында қашықтық форматта өткізілде.

Ғылыми жоба оқу жылы бойынша 4 кезеңде өтті.

I кезең – мектепшілік, аудандық орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында өткізілді.

II кезең – іріктеу (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жобаны алдын- ала сараптау) облыстық білім беру ұйымдарында өткізілді.

III кезең – облыстық. Осы кезең екі турда өткізіледі; бірінші тур-жобаны қорғау, екінші тур - бейіндеу пәндері бойынша тестілеу.

IV кезең (қорытынды) – республикалық. Осы кезең екі турда өткізіледі. Бірінші тур- іріктеу, екінші- жобаны қорғау.

2020 жылдың қыркүйек айында жалпы білім беретін пәндер бойынша конкурсына жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерден 336 жоба 373 оқушы тіркелді.

270 жоба, 302 оқушының жұмыстары талдауға жіберілді. 214 жоба 235 оқушыэкспертизадан өтіп, облыстық кезеңге ұсынылды.

III кезең – облыстық. 2020 жылғы 7-8 желтоқсанда облыстық конкурс облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткізілді. Үшінші кезеңде жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерден 16 секция бойынша (физика, жержәне ғарыш туралы ғылымдар, техника, математика, қолданбалы математика, экономика, информатика, химия, биология, қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтау, тарих, адам және қоғам, өлкетану, әдебиет, этномәдениеттану және тіл білімі) өткізілді. **235 оқушы қатысты** (он екі ауданнан - 147, Орал қаласынан -50 , облыстық мектептерден 38 оқушы).

Нәтижесінде: I орын- 14 жоба, 14 оқушы; II орын- 23 жоба, 29 оқушы; III орын 32 жоба, 36 оқушы, алғыс хатпен 30 жоба, 35 оқушы марапатталды.

"Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 9-12 желтоқсан аралығында облыстық кезеңінің екінші тур-тестілеу өткізілді оған облыстық кезеңнен жүлделі орындарға ие болған 79 оқушысы қатысып. 60 жоғары бал жинаған 55 оқушының жұмысы республикалық кезеңнің I-ші турына (сараптама) ұсынылды.

2021 жылғы 9-12 ақпан аралығында ғылыми конкурстың 4-кезеңінің II туры (республикалық) бейнеконференциялар арқылы қашықтықтан өткізіледі.

## 5-6 сынып оқушылары арасында үшін республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі



Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарын" қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 13 қазан күнгі №442/15-11-04 және 30 қарашадағы №538/15-11-04 хатының негізінде 5-6 сыныптарға арналған математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, жаратылыстану, ағылшын тілі мен Қазақстан тарихы пәндерінен Республикалық олимпиаданың мектепшілік, аудандық және облыстық кезеңдері өтті. 2020 жылдың 23 қазан күні мектепшілік, 20 қараша күні аудандық кезеңдері өтіп оған 307 мектептен 9494 оқушы қатысты. Осы оқушылардың ішінен жоғары ұпай жинаған 332 оқушы 9 желтоқсан күні облыстық кезеңіне қатысып, 145 жеңімпаз анықталды, оның ішінде: 24-I орын, 35-II орын, 37-III орын, 49-алғыс хат. Республикалық кезеңге 24 оқушы жолдама алды.

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Білім беру ұйымы
1	Султанов Алихан	Жаратылыстану	Рубежин жалпы орта білім беретін мектеп-балабақша кешені, Бәйтерек ауданы
2	Мамай Кәусар	Қазақстан тарихы	Жамбыл жалпы білім беретін негізгі мектеп, Бәйтерек ауданы
3	Жаксылықов Нурбек	Математика	Егіндібұлақ жалпы орта білім беретін мектеп-балабақша кешені, Бәйтерек ауданы
4	Карткужакова Камила	Ағылшын тілі	Камен жалпы орта білім беретін мектеп, Бәйтерек ауданы
5	Додина Анастасия	Орыс тілі мен әдебиеті	Переметный жалпы орта білім беретін мектеп, Бәйтерек ауданы
6	Назаренко Маргарита	Орыс тілі мен әдебиеті	Дариян жалпы орта білім беретін мектеп, Бәйтерек ауданы
7	Бакешов Асет	Орыс тілі мен әдебиеті	Ульянов жалпы орта білім беретін мектеп, Бәйтерек ауданы
8	Айболатқызы Айзере	Жаратылыстану	Пятимар жалпы орта білім беретін мектебі, Жаңақала ауданы
9	Құрманғалиев Жеңіс	Математика	Қаршы орта жалпы білім беретін мектеп, Ақжайық ауданы
10	Тілеген Акерке	Қазақ тілі мен әдебиеті	Көктерек орта жалпы білім беретін мектеп, Казталов ауданы
11	Иманғазы Назерке	Ағылшын тілі	Казталов мектеп-лицей, Казталов ауданы
12	Рамазанова Асылдай	Қазақстан тарихы	Мерей жалпы орта білім беретін мектеп, Тасқала ауданы
13	Мусенов Нұршат	Жаратылыстану	«Сәулет» мектеп-лицей, Тасқала ауданы
14	Жумашев Ринат	Жаратылыстану	Богдан негізгі мектеп, Теректі ауданы

15	Бактан Мұратжан	Қазақ тілі мен әдебиеті	Федоров орта жалпы білім беретін қазақ мектебі, Теректі ауданы
16	Мәлік Эленора	Қазақ тілі мен әдебиеті	№1 жалпы орта білім беретін мектеп, Орал қаласы
17	Жангирбаева Анэля	Орыс тілі мен әдебиеті	№21 жалпы орта білім беретін мектеп, Орал қаласы
18	Кенжеғалиев Алихан	Ағылшын тілі	№37 жалпы орта білім беретін мектеп, Орал қаласы
19	Руслан Данияр	Қазақстан тарихы	№46 жалпы орта білім беретін мектеп, Орал қаласы
20	Молдаш Қайдар	Математика	№42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қаласы
21	Диниш Сурайя	Қазақ тілі мен әдебиеті	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
22	Тлесова Алия	Қазақстан тарихы	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
23	Мұрат Айару	Математика	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
24	Қабды Әдемі	Ағылшын тілі	Карманов жалпы орта білім беретін мектеп-балабақша кешені, Жаңақала ауданы

### **Жалпы білім беретін ұйымдарының түлектеріне арналған XIII Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңі**



Білім беру ұйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқутуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдету, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау мақсатында 2020 жылы 18 -24 қараша аралығында өткен Жалпы білім беретін ұйымдарының түлектеріне арналған XIII Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңіне облыстан 121 оқушы қатысып, 20 оқушы республикалық кезеңінің іріктеу турына жіберілді.

## Облыстық Қ.И.Сәтбаев атындағы олимпиада



Облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 29 қаңтардағы №38 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 2-3 наурыз күндері аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, жаратылыстану-география факультетінің базасында жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің 9-сынып оқушыларына арналған облыстық Қ.И.Сәтбаев атындағы олимпиада өткізілді.

Олимпиадаға аудандық, облыстық және қала мектептерінен 15 оқушы қатысты.

Турнирдің мақсаты: химия, химиялық технология, зерттеу-эксперименттік саласына оқушыларды қызықтыру, кәсіби бағдар беру; оқушылардың жаратылыстану пәндеріне, зерттеу-эксперименттік қызметіне қызығушылығын дамыту, химиялық білімдерді насихаттау; дарынды балаларды анықтау, оларды психология-педагогикалық жағынан қолдау; оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар жарыстарына, тағы басқа интеллектуалды шараларға қатысуға іріктеу және дайындау;

Олимпиада екі турдан тұрды.

**Бірінші тур.** Сәтбаев олимпиадасының облыстық сатысының теориялық туры. Қатысушыларға деңгейі әртүрлі есептер мен жаттығулар берілді. Есептер мен жаттығулар бекітілген ұпаймен бағаланды. Орындауға берілетін уақыт-180 минут.

**Екінші тур.** Сәтбаев олимпиадасының облыстық сатысының тәжірибелік туры. Топтарға эксперименттік тапсырмалар берілді. Турдың тапсырмаларын оқушылар химиялық зертханада орындады. Орындауға берілетін уақыт-120 минут.

Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері диплом, алғыс хаттар, медальдармен және энциклопедиялық, анықтамалық кітаптар сияқты бағалы сыйлықтармен марапатталды. Олимпиаданың қорытындылары бойынша:

**Бас жүлде – Насипов Алишер,** Дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы;

**I орын - Булатова Малика,** Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің 9 сынып оқушысы;

**II орын –Маманова Фариза,** Орал қаласы М.Мәметова атындағы №27 физика-математика бағытындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы;

**II орын –Ақжолова Мадина,** Бөрлі ауданы Ақсай қаласы, №6 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы;

**III орын – Егізова Айзерек,** Казталов ауданы Ғ.Қараш атындағы мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы;

**Алғыс хат – Халиматова Альбина,** Ақжайық ауданы Бударин мектеп балабақша кешенінің 9 сынып оқушысы;

**Алғыс хат – Ғани Ерболат**, Сырым ауданы Қ.Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 9 сынып оқушысы;

**Алғыс хат – Аймагамбетова Мәдина**, Орал қаласы А.Тайманов атындағы №34 мектеп- гимназиясының 9 сынып оқушысы.

### **«Білетінім – 9, білмейтінім – 99!» облыстық қашықтық зияткерлік сайысы**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының басшылығымен, Білім басқармасының «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен 2020 жылдың 24 сәуірі күні «Білетінім – 9, білмейтінім – 99!» мектеп оқушылары арасындағы облыстық қашықтық зияткерлік сайысы өтті.

**Сайыстың мақсаты:** Математика, физика, география, биология пәндеріне оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, дәлдікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, еңбектену білуге үйрету, ойлау қабілетін, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіре отырып талантты оқушыларды анықтау, құқықбұзушылықтың алдын-алу. Сайысқа жалпы білім беретін мектептердің 9 сыныбы бойынша 173 оқушы, 10 сыныптары бойынша 100 оқушы қатысты. Байқау **2020 жылдың 24 сәуір күні** өткізілді. Сайыстың тапсырмалары қатысушылардың электронды поштасына бірдей уақытта жіберілді. Орындау уақыты 60 минут. Әр пәннен 10 сұрақтан. Барлығы 40 сұрақ болды.

#### **9 сынып бойынша:**

**I орын-** Тасқала ауданы «Сәулет» МЛ-нің 9 сынып оқушылары: Қуанышкалиева Арузия, Ғазез Қасымжомартәлі және Орал қаласының №41 МЛ-нің оқушысы Қаташев Даурен;

**II орын-** Қаршыға Гүлден, Бөрлі ауданы Ақсай қаласындағы №7 ЖОББМ;

**II орын-** Мұрат Арма, Тасқала ауданы «Сәулет»МЛ ;

**II орын-** Шыңғыс Әділет Асхатұлы, Орал қаласы №27 МЛ;

**II орын-** Тайкенова Дильназ, Шыңғырлау ауданы Ащысай ОЖББМ/б;

**II орын-** Исмагулова Айжан, Бөрлі ауданы Ақсай қ. №7 ЖОББМ;

**II орын-** Шынгужиева Лаура, Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ОЖББМ;

**III орын-** Куспанова Дарина, Теректі аудандық лингвистикалық гимназия;

**III орын-** Салауатова Жангүлім, Казталовка ауданы;

**III орын-** Ақорын Ниязбек, Шыңғырлау ауданы А.Тихоненко атындағы ОЖББМ;

**III орын-** Қадырболат Ринат, Орал қаласы №41 жаратылыстану- математика бағытындағы МЛ;

**III орын-** Провоторова Наталия, Бөрлі ауданы Бөрлі ЖОББМ;

**III орын-** Жамалханов Ералхан, Ақжайық ауданы «Алмалы ОЖББМ» КММ;

**III орын-** Уахитов Алихан Сенбайұлы, Казталовка ауданы;

**III орын-** Әдиет Айдана, Казталовка ауданы;

**III орын -** Павлова Дарья, Орал қаласы № 35 МЛ;

**III орын-** Салхай Таир, Орал қаласы Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы.

**Алғыс хат-** Ахметкалиев Батырбек, Ақжайық ауданы М.Әуезов атындағы №2 ОЖББМ;

**Алғыс хат-** Капизова Дильназ, Бөрлі ауданы Ақсай қаласындағы №7 ЖОББМ;

**Алғыс хат-** Ондашева Радмира, Бөрлі ауданы Ақсай қаласындағы №7 ЖОББМ;

**Алғыс хат-** Болат Рустам, Жәнібек ауданы № 1 мектеп-лицейі;

**Алғыс хат-** Гиниятова Арухан, Сырым ауданы ЖББ Абай орта мектеп балабақша кешені;

**Алғыс хат-** Телемгенова Аружан, Шыңғырлау ауданы Л.Қылышев ат.ОЖББМ.

**10 сынып бойынша:**

**I орын-** Таганиязова Зарина, Шыңғырлау ауданы Л.Қылышев ат.ОЖББМ;

**II орын-** Аспендияр Аяулым, Тасқала ауданы «Сәулет»МЛ;

**III орын-** Жаксылыкова Жасмин, Тасқала ауданы «Сәулет»МЛ;

**III орын-** Сағынғалиев Нұрымжан, Сырым ауданы ЖББ Абай орта мектеп балабақша кешені;

**III орын-** Сағынтаева Аида, Ақжайық ауданы Бударин МБК;

**III орын-**Магелланова Жанерке, Ақжайық ауданы М.Әуезов атындағы №2 ОЖББМ;

**III орын-** Акимғалиева Милена, Орал қаласы Д.Қонаев атындағы № 44 мектеп-гимназиясы;

**Алғыс хат-** Андарова Ақмарал, Шыңғырлау ауданы Ащысай ОЖББМ/б;

**Алғыс хат-**Казбеков Даулеткерей, Ақжайық ауданы «Тайпақ мектеп-гимназиясы»КММ;

**Алғыс хат-**Бауыржанова Зарина, Ақжайық ауданы Талап мектеп-бөбекжай кешені;

**Алғыс хат-** Талгат Аслан, Ақжайық ауданы Қ.Байсықов атындағы ОЖББМ;

**Алғыс хат-** Кунакбаева Мерей, Орал қаласы №41 жаратылыстану- математика бағытындағы МЛ;

**Алғыс хат-**Қоңырова Ақбота, Сырым ауданы ЖББ Абай орта мектеп-балабақша кешені.

### **Облыстық 5-11 сынып оқушылары арасындағы А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасы және олимпиадасы**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2020 жылғы 28 тамыздағы №457 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен 5-11 сынып оқушыларының арасында 19-22 қазан күндері аралығында қашықтықтан оқушылардың математика пәніне қызығушылықтарын арттыру, дәлдікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, еңбектену білуге үйрету, ойлау қабілетін, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіре отырып талантты оқушыларды анықтап, оларды марапаттау мақсатында облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасы және олимпиадасы өткізілді.

Регатаның және олимпиаданың тапсырмалары қатысушылардың электрондық поштасына бірдей уақытта жіберілді. Әр айналым тапсырмаларының орындалу уақыты аяқталғаннан кейін шығарылуы мен жауаптарын кері [daryn\\_uralsk@mail.ru](mailto:daryn_uralsk@mail.ru) электрондық поштасына жіберіп отырды. Регатаға облыс және қала мектептерінен 5-6 сынып оқушылары бойынша барлығы 31 оқушы, 7-8 сынып оқушылары бойынша 36 оқушы және 9-11 сынып бойынша олимпиадаға 53 оқушы қатысты. Байқауға Сырым ауданынан оқушылар қатыспады.

### 9-11 сынып оқушылары арасында өткен XV облыстық «Апельсин- 2020» физика-техникалық турнирі



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2020 жылғы 28 тамыздағы №458 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен онлайн режимінде 23 қыркүйек күні 9 сынып оқушыларының арасында, 24 қыркүйек күні 10 сынып оқушылары арасында, 25 қыркүйек күні 11 сынып оқушылары арасында XV облыстық «Апельсин – 2020» физика-техникалық турнирі өтті. Турнир 3 турдан тұрды.

Облыстық «Апельсин-2020» турнирі – жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында өтетін интеллектуалды ойын-сайыс.

Аталған интеллектуалды ойын-сайысқа 9 сынып бойынша 19 оқушы, 10 сынып бойынша 18 оқушы және 11 сыныптар бойынша 18 оқушы қатысты.

### Олимпиада резерві мектебі туралы



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2017 жылғы 19 маусымдағы №523 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығы жанынан математика және физика пәндерінен Олимпиада резерві мектебі (ОРМ) ашылды.

**ОРМ мақсаттары мен міндеттері:** Оқушылардың зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеттерін анықтау және оны барынша дамыту, олардың қызығушылықтарын арттыру, нәтижелі зерттеу жұмыстарымен айналысу дағдысын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасау. Қабілетті және танымдық белсенділігі жоғары оқушыларға қолдау көрсету. Ғылым негіздері бойынша облыстың олимпиада командаларын дайындау жүйесін дамыту. Облыс оқушыларының пәндік олимпиадаларда, басқа да сайыстарда көрсететін нәтижелерін көтеру.

Аталған жобаны жүзеге асыру 4 жылға есептелген (2017-2020 жылдар аралығында): I кезең – диагностикалық-ұйымдастыру кезеңі, 2017 жылдың қыркүйек және желтоқсан айларының аралығында. II кезең – тұжырымдалу кезеңі, 2018 жылдың қаңтары мен 2019 жылдың маусым айларының аралығында.



III кезең – бақылау және нәтиже беру кезеңі, 2019 жылдың маусым және 2020 жылдың желтоқсан айларының аралығында.

ОРМ-нің Ережесінің 6.6 пунктіне сәйкес оқу жылы барысында Орталық базасында үш оқу сессиясы (күзгі, қысқы және жазғы) оқушылардың күзгі, қысқы және жазғы каникуль күндерінде өткізіледі және сессияаралық сырттай оқу жүргізіледі. Сессиялардың ұзақтығы 6 күнтізбелік күнді құрайды.

Жүргізілген сабақтар мен оқушылардың кесім жұмыстарының нәтижелері бойынша оқушыларға және олардың жетекші мұғалімдеріне сессияаралық кезеңде орындауға үй тапсырмалары беріледі.


ОРМ-нің сессияаралық кезеңінде оқушыларға аудандық(қалалық) білім бөлімдерінің басшыларының және облыстық мектеп директорларының бұйрықтарымен бекітілген мұғалімдер жетекшілік етіп, сабақ берсе, **сессия кезінде** жыл сайын облыстық білім басқармасының бұйрығымен бекітілген мұғалімдер сабақ береді. Өткен оқу жылында математика пәнінен 7 сыныпқа Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназиясының I санатты математика пәні мұғалімі Қалбаев Жандосым Темргалиевич, 8 сыныпқа Теректі ауданы, Ақсуат ЖОББМ-нің I санатты математика пәні мұғалімі Маштаев Асхад Темирханович, 9 сыныпқа М.Өтемісов ат. БҚМУ оқытушысы Есетов Елжан Нурмуханович сабақ берсе, физика пәні бойынша 7 сыныпқа Х.Доспанова атындағы №30 ЖОББМ-нің жоғары санатты физика пәні мұғалімі Анесова Лаззат Гиниатовна, 8 сыныпқа №42 "Ақ ниет" гимназиясының жоғары санатты физика пәні мұғалімі Каримғалиева Анаргүл Нурпейсовна, 9 сыныпқа Ә.Молдагулова атындағы №38 мектеп – лицейінің жоғары санатты физика пәні мұғалімі Жанабиллова Карлыға Ғалымжановна сабақ берсе, биылғы оқу жылында, бұл мұғалімдердің қатарына Орал қаласының №41 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі Мамыр Абай Рахматуллаевич және дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының математика пәні мұғалімі Гиззатов Жаксымбет Зинекеевич қосылды. Бұл мұғалімдер өз жетістіктерімен облысқа танылып, оқушылары олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар өткен жылдары КазНУ жанындағы Олимпиадаға дайындау орталығының физика пәні бойынша тренері Темірболат Айтасов, Астана қаласының №66 мектеп-гимназиясының жоғары санатты математика пәні мұғалімі Сонгобай Типан ОРМ оқушыларына сабақ беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Осы олимпиада резерві мектебіндегі оқушыларының ішінде аз ғана уақыттың ішінде үлкен жетістіктерге жеткен оқушылары бар. Атап айтсақ физика пәнінен 2018-2019 оқу жылында 8 сынып оқушысы Уксукбаев Тимур 9 сыныптар арасында облыстық олимпиадада I орынға ие болып, республикалық олимпиадаға қатысса, 2019-2020 оқу жылы математика пәнінен облыстық олимпиададан I орынға ие болған 9 сынып оқушылары Гайсин Аркен, II орынға ие болған Едіге Рамазан және физика пәнінен Уксукбаев Тимур, Тагиров Артур I орындарды иеленіп, ал Қонысов Нұржігіт II орынға ие болып Республикалық олимпиадаға жолдама алды.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ағымдағы жылғы 14 қыркүйектегі №385/15-11-04 хатының негізінде жаратылыстану-

математикалық бағыттағы Республикалық жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңінен олимпиада резерві мектебінің 8 оқушысы математика, физика пәндерінен жүлделі орындарға ие болса, республикалық кезеңіне қатысқан 8 сынып оқушылары Махмет Әсет және Хожантаева Алина математика пәнінен, 9 сынып оқушылары Васюра Руслан мен Муратова Жанар физика пәнінен ІІІ орындарды иеленді. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушылары арасында өткен XV облыстық «Апельсин- 2020» физика-техникалық турниріне қатысқан ОРМ-нің оқушылары Васюра Руслан, Қыдыров Сұңғат, Қазенова Жанерке, Қонысов Нұржігіт, Қапасова Айдана ІІІ жүлделі орындарға ие болса, Мақсотов Алтынбек алғыс хатпен марапатталды.

Облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасына қатысқан ОРМ-нің оқушылары Хамит Ернұр мен Қапасова Айдана І орындарға, Қоныс Назым, Хожантаева Алина, Емельянов Артем, Гайсин Аркен ІІ орындарға және Карим Айдос пен Қадырболат Ринат ІІІ орындарға ие болды.

### **Батыс Қазақстан облысы Елбасының «Ел Үміті» жалпы ұлттық бастамасы: «Елбасы медалі» және «Мың бала» жобаларын іске асыру нәтижелері**



ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Ел Үміті» бастамасына 1,5 миллионнан астам адам қатысуда.

Елбасының 2019 жылы ұсынған «Ел Үміті» бастамасы «Елбасы медалі», «Мың бала» жобалары қабілетті балалар мен жастарды анықтауға және қолдауға, экономиканың негізгі салаларының көшбасшыларын дамытуға бағытталған. Бастама жобалары Нұрсұлтан Назарбаев Қорының қолдауымен іске асырылады, ал бастаманы іске асыруға «Елбасы Академиясы» корпоративтік қоры айналысады..

«Пандемияға байланысты қиындықтарға қарамастан, бастама шеңберінде 2020 жылы 350 мыңға жуық қатысушыны қамтыған негізгі жобалар өз жұмысын бастаған болатын.. Жобалармен жалпы қамту шамамен 1,5 миллион адамды құрайды - бұл оқушылар, студенттер, ата-аналар, педагогтар, жұмыс істейтін жастар, кәсіпқойлар».

Барлық жобалар балалар мен жастарды ұлттық құндылықтар, патриотизм рухында дамытуға және тәрбиелеуге және үнемі өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге бағытталған. Жобалар бірегей және қарапайым көпшілікке қол жетімді.

Ауыл оқушыларына арналған алғашқы «Мың бала» Ұлттық олимпиадасы Нұрсұлтан Назарбаев Қорының 2020 жылдағы ең ірі жобаларының бірі – «Мың бала» ұлттық олимпиадасы. Ел тарихындағы ауыл оқушыларына арналған, кең ауқымды жоба қоғам тарапынан оң бағаға ие болды. Әсіресе, ауыл мектептерінің директорлары мен мұғалімдері қолдады, себебі пәндік олимпиадаларды өткізу тәжірибесі ауылдан келген оқушының қала оқушысымен салыстырғанда

дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі мен ауыл алшақтығы олардың аз көлемде тартылатындығын көрсетті.

«Мың бала» жобасы бірнеше негізгі міндеттерді шешуге арналған: ауылдағы дарынды балалар үшін қосымша әлеуметтік лифт және сапалы білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

«Түрлі олимпиадаларды өткізу тәжірибесі ауыл балаларының оларға аз қатысатынын көрсетеді. Статистикаға сүйенсек, ауыл оқушыларының шамамен 13-14%-ы облыстық және республикалық олимпиадаларға қатысады, бұл олардың дайындық деңгейімен және олимпиадалар өтетін жерлерден шалғайлығымен байланысты. Осыған орай, биыл Нұрсұлтан Назарбаев қоры тек ауыл мектеп оқушыларын қамтыған «Мың бала» алғашқы ұлттық олимпиадасын өткізді».

Олимпиада аясында 4266 ауыл мектебінің 5 және 6-сыныптардың 295 мың оқушысы, 600 мың ата-ана мен педагог қамтылды. Нәтижесінде 1000 жеңімпаз іріктелді. «Мың бала» жобасы 2020 жылдың 24 ақпаны мен 10 қыркүйегі аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылды. Онлайн және офлайн форматта өткен екі кезеңде оқушылардың академиялық және танымдық қабілеттері бағаланды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша «Мың бала» жобасының I-ші кезеңіне 9 мыңнан астам оқушы қатысып, II-кезеңге 200 оқушы жолдама алды. Олимпиаданың II-ші кезеңінің қорытындысы негізінде 92 жүлдегер (5 сынып бойынша-49, 6 сынып бойынша-43) атанып республика **бойынша облыс үштіктің ішіне** енді. Соның ішінде жоғары бал жинаған олимпиада жеңімпаздары: 3 оқушы: Жұмабай Мұнар (Теректі ауданы Ақжайық ЖББМ), Жаксыгулова Диана (Тасқала ауданы С.Жақсыгулов атындағы ЖББМ), Ерген Ақбаян (Сырым ауданы ҚособаЖББМБК) Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебіне сондай-ақ облысымыздың бес дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептеріне 18 оқушы оқуға қабылданып оқуларын жалғастыруда. Бүгінде финалистер мен жеңімпаздар Елбасы Академиясы жанындағы «Virge Oqu» онлайн мектебінде пәндік дайындықтан өтуде.

«Мың бала» олимпиадасының жеңімпаздары 92 ауыл оқушысына Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында ноутбуктер сыйға тартылып «Алғыс хатпен» марапатталды.

**«Ел үміті» бастамасының** ауқымды да, Елбасының бақылауымен іске асырылатын талантты және бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу жөніндегі бірегей жобасы- **«Елбасы медалі»**.

Биылғы жылдың шілде айында жастарға арналған «Елбасы медалі» - ауқымды челленджі іске қосылды. Жоба 14-29 жас аралығындағы жастарды тәрбиелеуге бағытталған және 7 бағыт бойынша даму бағдарламасын көздейді: спорт, дарын мен дағды, кітап оқу, ұлттық мұра, еріктілік, саяхат пен жорықтар, еңбек тәжірибесі. Қатысушылар үш деңгейді таңдай алады: қола, күміс немесе алтын, олар 6 айдан 18 айға дейін әр бағыт бойынша белгілі бір қызметті орындауды көздейді.

Қазіргі уақытта жобағареспублика бойынша 11 мыңнан астам қатысушы, 600 тәлімгер, 17 өңірлік үйлестіруші мен сарапшы тартылған. Жас ерекшелігіне байланысты бүгінгі күні бағдарламаға оқушылар, студенттер, тіпті жұмыс істейтін жастар мен мемлекеттік қызметшілер де қатысуда. Өйткені, жобаның негізгі компоненті - оның әр қатысушысы басқалармен емес, тек өзімен бәсекелеседі. Күн сайын өзін-өзі дамытумен айналысып, күн сайын кешегіден гөрі жақсы болуға ұмтылады.

«Жобаның міндеті – өскелең ұрпақтың ересек өмірге және еңбек қызметіне дайындықтан өтуіне, өз білімдері мен дағдыларын зияткерлік, физикалық, жеке жағынан толық көлемде көрсетуіне мүмкіндік беру. «Елбасы медалі» бағдарламасынан өту арқылы қатысушылар болашақ өміріне жақсы бағдар алады».

"Жоба аясында қатысушылар спорттағы дайындығын жетілдіреді, ұлттық мұраны зерттейді, әлемдік және қазақ әдебиетінің шығармаларымен танысады, еңбек практикасынан өтеді, елдің әр түкпіріне барып, Қазақстан тарихына үңіледі және волонтерлік қызметке белсенді араласады Батыс Қазақстан облысы бойынша «Елбасы медалі» жобасына 215 адам қатысты. «Елбасы медалі» қола белгісімен алты ай ішінде берілген талаптарды орындаған 200-ден астам оқушымыздың Республикалық комиссияның шешімімен озып шыққан 33 оқушы «Елбасы медалінің» қола ерекшелік және төс белгісімен марапатталатын болады.

«Елбасы медалі» жобасының қатысушыларына арналған мобильді қосымша іске қосылды. 14 жастан бастап әр жас қазақстандық бұл жобаға қатыса алады.

Облысымыздың жас жеткіншектерін қатысуға шақырамыз.

### Облыстық VIII Қадыр оқулары байқауы



Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Өлең сөздің зергері-Қадыр ақын» атты жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасындағы Қадыр оқуларының облыстық кезеңі. Білім басқармасының 20.01.2020 жылғы № 26 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім беру орталығына күллі қазақтың қадірлі Қадырына айналған қыран мінез ақиық ақын шығармашылығын жастар мен оқушылар арасында насихаттап, мәртебесіне тағзым ету мақсатында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында оздырылып отырған облыстық VIII Қадыр оқулары байқауы өтті.

I бөлім «Сөздің бәрі күдіретті...» номинациясы бойынша

Бас жүлде: Жүсіп Ақжол - ДБAM C.Сейфуллин атындағы №11 ОҚМИК 9 сынып оқушысы;

**I орын:** Абдрахманова Мира – Жаңақала ауданы Жаңақала МГ 8 сынып оқушысы;

**II орын:** Жұмағұл Асылым-Казталов ауданы, F.Қараш атындағы МГ 10 сынып оқушысы, Юнус Нұрсая –Сырым ауданы ЖББ Қособа ОМБК 5 сынып оқушысы

;

**III орын:** Тажанова Диляра-Ақжайық ауданы Жайық НЖББМ 5 сынып оқушысы, Зарлықова Мадина – Шыңғырлау ауданы Сегізсай НМ 7 сынып оқушысы, Насиболла Әйгерім – М.Өтемісов атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернатының 8 сынып оқушысы.

II бөлім «Кейбір жырым дән ұшырып қырманда, Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда» Қадыр Мырза Әлі сөздеріне жазылған әндерді орындаушылардың конкурсы.

**Бас жүлде:** Қоныспайқызы Ақкенже Бәйтерек ауданы Белес ОЖББМ 6 сынып оқушысы;

**I орын:** Биғали Гүлім- Жәнібек ауданы ЖББ Т.Жароков атындағы ОМ 6 сынып оқушысы;

**II орын:** Мақжанова Наргиза – Казталов ауданы Казталов МЛ 11 сынып оқушысы, Мереке Айзере – Сырым ауданы ЖББ Ж.Досмұхамедов атындағы ОМ 6 сынып оқушысы ;

**III орын:** Табылдиева Гүлпара – Бөкей Ордасы ауданы Қ.Сағырбаев атындағы ЖОББМБ 10 сынып оқушысы, Мақсотова Айнара – Жаңақала ауданы М.Жүнісов атындағы ЖОББМ 11 сынып оқушысы және Ғұмар Еркебұлан – Жаңақала ауданы №3 ЖОББМ 6 сынып оқушысы (дуэт), Хамитов Фархат-Қаратөбе ауданы Қаракөл ЖОББМББ 7 сынып оқушысы;

**III бөлім. «Қуып шығар қызыл сөзді ой кейін» жас дарындар конкурсы.**

**Бас жүлде:** Мереке Қадыр - ДБAM С.Сейфуллин атындағы №11ОҚМИК 10 сынып оқушысы;

**I орын:** Дидарқызы Дильназ – Жаңақала ауданы Айдархан ЖОБББМ 10 сынып оқушысы;

**II орын:** Қуанышев Дәурен -ДБAM С.Сейфуллин атындағы ОҚМИК 10 сынып оқушысы;

**III орын:** Қыдыр Гүлназ – Бөрлі ауданы Ақсу МБК 8 сынып; Жұматаев Ақан – Жәнібек ауданы Ө.Сахипов атындағы ЖОББМ 10 сынып оқушысы; Оңдасынова Айсезім – Казталов ауданы Бірік ОЖББМ 10 сынып оқушысы.

### “Ақберен” облыстық байқауы



2020 жылғы 5 наурыз күні «Дарын» қосымша білім орталығында шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» өнер байқауының облыстық кезеңі өткізілді.

**Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеттері:** 8-11 сыныптар арасындағы оқушылардың гуманитарлық–эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін таңдауға шығармашылық қабілетті, өлең жазу, тапқыр талантын, дарындылығын ашу, олардың әмбебаптық қабілеттеріне баса ден қою (ақындық, шешендік шеберлігі, түрлі ұлттық аспапта ойнау, т.б.) шығармашылық қабілеттерін айқындау болып табылады.

**«Ақберен» республикалық олимпиадасы 6 номинацияны қамтыды:**

1. «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша өз ойларын жеткізіп, қазылар алқасын арапынан қойылған қазақ елінің

тарихы, мәдениеті, фольклоры туралы сұрақтарға жауап беру арқылы өз шешендіктерін көрсетті.

2. «Көркем сөз оқу» номинациясы бойынша қатысушылар поэзия, проза, драмалық шығармалардан өзі таңдаған бір туындыдан үзінді оқыды.

3. «Эссе жазу» номинациясында оқушылар өз ойын қара сөзбен және өлең түрінде жазды. Эссе тақырыптары сол жерде таңдалып, қатысушыларға жұмысты орындау үшін 120 минут уақыт берілді.

4. «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы. Оқушылар домбыра, жетіген, қобыз секілді ұлттық аспапта өзі дайындап әкелген бір шығарманы орындады.

5. «Ақындар айтысы» номинациясында «Рухани жаңғыру олында» тақырыбында айтыс өткізіп, оқушыларымыз ойының тапқырлығы мен сөз көркемдігі, орындаушылық шеберлігі жәнәсуырып салмалық қабілетімен дараланды.

6. «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша қатысушылар өз жыр жинақтарын ұсына отырып, дайындап келген 1 өлеңін жатқа оқыды. Сонымен қатар, әділ-қазылар алқасының шешімімен суырып салма, тума таланттарын тану мақатында сол мезетте тақырып беріліп, өлең шығарды.

Байқаудың облыстық кезеңіне 6 оқушы қатысып, нәтижесінде 6 номинация бойынша төмендегі оқушылар облыстық білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және «Дарын» қосымша білім орталығының алғыс хаттарымен марапатталды.

### **Ағылшын тілінде "Ұрпаққа ұран болған - Ұлы жеңіс" атты ағылшын тілі пәні бойынша шығармалар байқауы**



Білім басқармасының 2020 жылғы 28 сәуірдегі №211 бұйрығы негізінде 9-10 сынып оқушылары арасында "Ұрпаққа ұран болған - Ұлы жеңіс" атты облыстық ағылшын тілі пәні бойынша қашықтық шығармалар байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты - мектеп оқушыларының интеллектуалды, шығармашылық пен ойлау қабілеттерін айқындау мен дамыту, дарынды оқушыларды қолдау білдіру.

Қашықтан өткізілген байқауға облыс бойынша 181 оқушы қатысты.

### **Облыстық «Жұбан оқулары»**



Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында «Жұбан ұрпақтары жүрегінде» Жұбан оқуларының облыстық қашықтық байқауы өтті.

Облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 13 мамырдағы №231 бұйрығына сай 14-19 мамыр аралығында «Дарын» қосымша

білім орталығында «Жұбан ұрпақтары жүрегінде» атты Жұбан оқуларының облыстық қашықтық байқауы өткізілді. Байқауға облыс бойынша 8-11 арасынан барлығы 38 қатысты. Оның ішінде аудан мектептерінен 28 оқушы, 9 оқушы қала мектептерінен, дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектептен 1 оқушы қатысты. Қатысушылардың жұмыстары сканерлен нұсқада, электронды пошта арқылы қабылданды.

Байқаудың негізгі мақсаты мен міндеттері:

- ақынның ұрпағына қалдырған мол мұрасын оқырмандар арасында кеңінен насихаттау;
- жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, тұлғалық және тіл мәдениетін дамыту, қазақ поэзиясына деген сүйіспеншілікті арттыру, көркем сөз оқу шеберлігін жетілдіру;
- оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіретін жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету.
- жас ақындарға рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру. Жас буынның тарихи танымдарын, демократияға және азаматтыққа бағдарланған дүниетанымдары мен сана-сезімдерін, өмірлік айқындамаларын қалыптастыру.
- әдеби тіл байлықтарын, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту;
- ақынның сөздеріне жазылған әндерін дәріптеу;

Жұбан оқулары байқауы үш бөлім бойынша өткізілді.

«Өмірін өлеңменен өрнектеген» жас ақындар мүшәйрасы бөлімінде қатысушының ақындық шеберлігін тексеру мақсатында Жұбанның өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы тақырып берілді.

Шығармашылық жұмыс. Ж.Молдағалиев шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауы.

Қойылатын талаптар: Байқауға қатысушы оқушы жазушының өмірбаяны, туған ел, жер туралы және сүйіспеншілік бағыттарында жазған еңбектерінен зерделеу жоба жұмысын қорғады.

«Мен қазақпын» номинациясы бойынша Жұбан еңбектеріне эссе жазу. Қатысушының теориялық білімін, шығармашылық қабілетін тексеру мақсатында эссе жұмысы бойынша арнайы үш тақырып ұсынылды.

### Облыстық «Абай оқулары»



Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында Абай оқуларының облыстық қашықтық байқауының қорытындысы. Облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 22 шілдедегі № 369 бұйрығына сай 27 шілде-7 тамыз аралығында «Дарын» қосымша білім орталығында Абай оқуларының облыстық қашықтық байқауы өткізілді. Байқауға облыс бойынша

барлығы 55 оқушы қатысты.

Абай оқулары байқауы 6 бөлім бойынша өткізілді.

1. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы- Абай өлеңдерін жатқа оқу конкурсы.
2. «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Абай қара сөздерін жатқа, мәнерлеп оқу.
3. «Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары» номинациясы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармаларын жатқа оқу. Бұл номинация бойынша шығарма мәтіндерін жатқа, мәнерлеп айтуы, толық білуі бойынша бағаланды.
4. «Көңілім әнді ұғады» номинациясы – Абай және Шәкәрім әндері мен күйлерін орындау. Бұл бөлімде ұлттық аспапта ойнау өнері мен орындау шеберлігі бағаланады.
5. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы – оқушылар өз шығармаларын орындау. Бұл номинация бойынша ой толғау, тапқырлығы, өлеңнің көркемдігі, тілі, поэтикалық ерекшелігі бағаланады.
6. «Ұлылар әлемі» номинациясы - Абай және Шәкәрім еңбектеріне эссе жазу.


### **Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Бейбітшілік алауы» тақырыбындағы облыстық қашықтықтан эстафетасы**



Білім басқармасының 2020 жылғы 13 мамырдағы №229 бұйрығына сәйкес Ұлы Отан соғысында Отанын жанқиярлықпен қорғаған ерлердің ерлігіне, халқымыздың батырлық тарихына құрмет көрсету, патриотизмге тәрбиелеу мақсатында 2020 жылдың 18-25 тамыз аралығында «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Бейбітшілік алауы» тақырыбындағы қашықтықтан эстафета өткізілді.

Эстафетаға 7-17 жас аралығындағы 104 оқушы қатысып, қатысушылар I,II,III дәрежелі дипломдар мен Алғыс хаттармен марапатталды.

### **Әл Фараби және Абай үндестігі – Ұлы даланың тұтастығы» атты кешенді шара**



Облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 3-8/3537 хатына сай 16 қыркүйек күні «Дарын» қосымша білім орталығында «Әл Фараби және Абай үндестігі – Ұлы даланың тұтастығы» атты кешенді шараның қашықтықтан облыстық кезеңі оздырылды. Шараға эссе және шығарма жазу бойынша 10-12 жас, 13-15 жас аралығында 244 оқушы бақ сынады. Қатысушылардың жұмыстары электронды пошта арқылы қабылданды.



Кешенді шараның мақсаты мен міндеті:

- Ұлы данышпан, көп қырлы ғұлама ғалым, сан салалы ғаламның бәріне де еңбектер жазған, «Екінші ұстаз» атанып, әлемдік дәрежеге көтерілген Әбу Насыр-Әл Фарабидің 1150 жылдығы мен даналық «Қара сөздері» мен мәңгі өлмейтін асыл өлеңдерімен қазақ даласының данышпаны атанған Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларына орай екі ғұлама еңбектерін кеңінен насихаттау;
  - Әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлының арасын жақындастыру, оларды үндестіру;
  - Әлем өркениетіне зор үлес қосқан Әл Фараби мен достық пен адамгершілікті, адами қасиеттер мен ар-ұждан тазалығын жырлап өткен ұлы Абай мұрасын оқушылар арасында қолданысын кеңейту және жандандыру.
- Кешенді шара екі бағытта өткізілді: 1) Эссе жазу;  
2) Шығарма жазу.

### **Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «Әл-Фараби – ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты облыстық сырттай мақалалар байқауы**



Облыстық білім басқармасының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 3-8/3537 хатына сай 24 қыркүйек күні «Дарын» қосымша білім орталығы «Әл-Фараби – ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты облыстық сырттай мақалалар байқауын өткізді. Байқауға 123 қатысушы оқушылардың жұмыстары электронды пошта арқылы қабылданды.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- Әбу Насыр әл-Фарабидің мұрасын кеңінен насихаттау, оқушыларды әдебиетке деген қызығушылығын арттыру;
- Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын кең көлемде ақпараттандыру;
- Жас қаламгерлер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.

Байқау материалдары өзектілігі мен маңыздылығына, мазмұнының ашылу тереңділігі мен идеясына, жанрлық шарттары, жаңа әдіс, оны стильді қолданысқа енгізе білу, тілі және стилінің ұғынықтылығы, тың ақпаратта сараптау мен зерттеу әдістері бойынша сарапталды.

## XVII облыстық «Intel-junior-2020» бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиада



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2020 жылғы 9 қыркүйектегі №487 бұйрығына сәйкес XVII облыстық «Intel-junior-2020» бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиада қашықтықтан «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен 30 қыркүйек күні өткізілді. Олимпиадаға аудан, қала және облыстық мектептерден 64

оқушы қатысты.

Олимпиада төрт турдан тұрды:

- нақты ғылымдар;
- гуманитарлық ғылымдар;
- жаратылыстану ғылымдары;
- эрудиттер турнирі.

## Облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсы



Жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» атты III республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңінің қорытындысы

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №517 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығында 14 қазан күні жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» атты III республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі өткізілді.

Облыс бойынша облыстық кезеңге 74 оқушы қатысты.

## Батыс Қазақстан облысы "Дарын" қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен "DarynLand" онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымында "Таланттар әлемі" атты қашықтық байқауы



Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №38 қаулысын негізге ала отырып, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы, «Дарын» қосымша білім орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 7-31 шілде аралығында «DarynLand» (summer camp) онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымы өтті.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің ой өрісін дамыту, тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды қашықтықтан ұйымдастыру.

Облысымыздың, қаламыздың жалпы білім беретін мектептерінің 2-10 сыныптың 250 оқушысы қамтылды. Лагерь барысында көптеген мәдени-

танымдық шаралар, байқаулар оздырылып, жеңімпаз оқушылар «Дарын» қосымша білім орталығының дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат табысталды. I дәрежелі диплом-3, II дәрежелі диплом - 4, III дәрежелі диплом – 2, Алғыс хат - 6.

### **«БАТЫС VOICE» білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері мен ата-аналарының бірлескен отбасылық қашықтық караоке байқауы**



Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2020 жылғы 17 шілдедегі №3-8/3537 хатына сәйкес отбасылық құндылықтарды насихаттау және ұжымдық отбасылық шығармашылық арқылы отбасын біріктіру мақсатында 2020 жылдың 21 тамыз күні «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен «БАТЫС VOICE» білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілерімен ата-аналарының бірлескен отбасылық қашықтық караоке байқауы өткізілді. Байқауға 48 отбасы қатысты.

Қатысушы отбасылық команда караокеде айтқан әнінің бейне түсірілімін сапалы дайындап, орындайтын 2 әннің шумағы мен қайырмасын шырқау қажет.

Байқаудың жеңімпаздары білім басқармасының Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат берілді. Оның ішінде бас жүлде – 1, I дәрежелі диплом - 1, II дәрежелі диплом – 2, III дәрежелі диплом – 3, Алғыс хат – 5.

### **"БІРЛІК" отбасылық қашықтықтан көрме байқауы**



Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2020 жылғы 17 шілдедегі №3-8/3537 хатына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясына деген жауапкершілігін нығайту және баламен ата-ана арасындағы байланысты дамыту мақсатында 2020 жылдың 13-14 тамыз күндері «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері мен ата-аналарының бірлескен «БІРЛІК» отбасылық қашықтық көрме-байқауы өткізілді. Байқауға 50 отбасы қатысты.

Байқаудың жеңімпаздары білім басқармасының Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат берілді. Оның ішінде I дәрежелі диплом - 4, II дәрежелі диплом – 7, III дәрежелі диплом – 10, Алғыс хат – 7.

### **"Ақжайық адалдық алаңы" жобасы аясында**

## **"Бәріміз адалдық үшін!" атты сыбайлас жемқорлықтың алдан алу бағытындағы қашықтықтан жарнамалық ролик байқауы**



Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2020 жылғы 17 шілдедегі №3-8/3537 хатына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 21 қыркүйек күні «Ақжайық адалдық алаңы» жобасы аясында адамгершілік тәрбие беру, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту үдерісіне тарту және барлық құқық бұзушылық түрлеріне «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру мақсатында «БӘРІМІЗ АДАЛДЫҚ ҮШІН!» атты қашықтықтан жарнамалық ролик байқауы өткізілді.

Байқауға 95 оқушы қатысты. Байқаудың жеңімпаздары білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат берілді. Оның ішінде I дәрежелі диплом - 3, II дәрежелі диплом – 4, III дәрежелі диплом – 6, Алғыс хат – 13.

## **"Абайдың сырлы әлемі" атты Абайдың қара сөздеріне, лирикалық табиғат шығармаларына облыстық қашықтық иллюстрациялар сайысы**



Білім басқармасының 2020 жылғы 8 сәуірдегі №3-10/1765 хатына сәйкес облысымыздағы мектеп оқушыларының арасындағы талантты жастарды анықтау, шығармашылық жұмыстарын жұртшылыққа жариялап үлгі етіп, Абайдың шығармашылығын насихаттау, философиялық-адамгершілік тәрбие беру, адами құндылықтарды қалыптастыру мақсатында 2020 жылдың 29 сәуір күні «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен жалпы орта білім беретін мектептерінің 1-11 сынып оқушылары арасында «Абайдың сырлы әлемі» атты Абайдың қара сөздеріне, лирикалық табиғат шығармаларына облыстық қашықтық иллюстрациялар сайысы өткізілді. Сайысқа облыс бойынша барлығы 178 қатысты.

Конкурстың жеңімпаздары облыстық білім басқармасының Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Оның ішінде I дәрежелі диплом - 5, II дәрежелі диплом – 11, III дәрежелі диплом – 8.

## **"Алтын қазына" көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының облыстық сырттай көрме-байқауы**



Білім басқармасының 2020 жылғы 13 мамырдағы №229 бұйрығына сәйкес өскелең ұрпақты көркем, шығармашылыққа баулу, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру мақсатында 2020 жылдың 18 мамыр - 1 тамыз аралығында «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер

бойынша балалар шығармашылығының облыстық сырттай көрме-байқауы өткізілді.

Байқауға 62 оқушы қатысты. Көрме-байқау төмендегі номинациялар бойынша өткізілді:

- 1) тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы;
- 2) ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш);
- 3) шыныны көркемдеп өңдеу: витраж;
- 4) металлды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу;
- 5) ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау;
- 6) ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау;
- 7) қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше.

Конкурстың жеңімпаздары облыстық білім басқармасының Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Оның ішінде бас жүлде – 4, I дәрежелі диплом - 4, II дәрежелі диплом – 5, III дәрежелі диплом – 8, Алғыс хат – 8.

Облыстық кезеңінің жеңімпаздары 7 оқушы республикалық кезеңге жолданды.

### **Қашықтықтан 1-6 сынып оқушылары арасында "DARYN ECOART" суреттер мен қолөнер бұйымдарының республикалық экологиялық конкурстың облыстық кезеңі**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың балаларға экологиялық сана-сезімді қалыптастыру, мәдениетті өсіру қажеттілігі туралы үндеуі шеңберінде, сондай-ақ «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2020 жылғы 23 қыркүйегіндегі №401-1/15-11-06 хатына сәйкес

қашықтықтан білім алушыларға экологиялық сана-сезімді қалыптастыру, еліміздің табиғатын қорғаудың айрықша маңыздылығын түсіну, экологиялық құндылықтарды, оқушылардың назарын Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық проблемаларға аудару, шығармашылық және экологиялық білім беруді дамыту мақсатында «DARYN ECOART» суреттер мен қолөнер бұйымдарының республикалық экологиялық конкурсының облыстық кезеңі өткізілді.

Конкурс екі бағытта өтті:

- туған өлкенің пейзажы мен табиғаты тақырыбында үздік сурет конкурсы;
- қайта өңделген материалдар мен қалдықтардан және т.б. жасалған ең үздік көркем қолөнер конкурсы.

Байқауға 83 оқушы қатысып, байқаудың жеңімпаздары білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және алғыс хаттарымен

марапатталды. Оның ішінде I дәрежелі диплом - 16, II дәрежелі диплом – 10, III дәрежелі диплом – 6, Алғыс хат – 4.

Конкурстың республикалық кезеңіне облыстық кезеңнің 16 үздік жұмыстары жолданды.

### **1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балалар – өміріміздің гүлі» атты облыстық онлайн-сазды эстафета**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Балалар – өміріміздің гүлі» атты облыстық онлайн-сазды эстафета оздырылды.

Онлайн-сазды эстафетаның мақсаты: балаларды сыйластыққа, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға, жеке тұлға ретінде өздерін көрсете білуге тәрбиелеу. Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, патриоттық әндерді нақышына келтіре орындап, белсенділіктерін арттырып, бір-біріне мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Онлайн-сазды эстафетаға **76 оқушы** қатысып, қатысушылар «Дарын» қосымша білім орталығының дипломдарымен марапатталды.

### **"Мамандықтар әлемін ашамыз" Республикалық форумының облыстық кезеңі**



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы және Батыс Қазақстан облысының «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 23 қазан күні «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңі қашықтықтан өткізілді.

Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығында және экономикасында сұранысқа ие болашақ мамандықты табысты таңдау үшін оқушылардың кәсіпті зерделеуге шығармашылық көзқарасын белсенділендіру, оқушылар мен оқытушыларды бірлескен әлеуметтік маңызы бар кәсіптік бағдарлауға тарту. Форум 4 номинация бойынша өткізілді.

Форумға 85 оқушы қатысып, жеңімпаздары білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталды. Оның ішінде I дәрежелі диплом - 9, II дәрежелі диплом – 10, III дәрежелі диплом – 14, Алғыс хат – 7.

Облыстық кезеңінің жеңімпаздары 9 оқушының жұмыстары республикалық кезеңіне жолданды.

## **"Туған өлке кереметі" облыстық жас тілшілер челленджі**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 5-30 қараша күндері «Туған өлке кереметі» атты облыстық челлендж қашықтан өткізілді.

Челлендждің мақсаты: балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау. Өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау, тілшілер және телевидение салаларында дарынды балалар мен жастарды іздеу және қолдау, шығармашылық тұлғаның өз ойын білдіру, тілдерді дамытып сөйлеу мәнерін жақсарту, өнегелі, рухани және туған жер құндылықтарды экран арқылы насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің, оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын балалардың әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда өзін-өзі танытуға ықпал ету.

Челленджге облыс аумағындағы білім беру мекемелері мен қосымша білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары, барлығы 35 оқушы қатысты.

Челленджге қатысқан барлық қатысушылар Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының алғыс хаттарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат берілді.

## **"Жемқорлық.net" атты облыстық эстафета**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 5-30 қараша күндері «ЖЕМҚОРЛЫҚ.net» атты облыстық эстафета қашықтан өткізілді.

Эстафетаның мақсаты: сыбайлас жемқорлықтың өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі екенін және экономикалық заңдардың еркін әрекетін шектеп, еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендететінін көрсету және сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін оқушылардың құқықтық сауаттылығы деңгейі мен сапасын арттыру, маңыздылығын түсіндіру.

Эстафетаға облыс аумағындағы білім беру мекемелерінің 7-11 сынып оқушылары, барлығы 32 оқушы қатысты.

Эстафетаға қатысқан барлық қатысушыларға Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының сертификаты табысталды.

## **"Менің отбасымның тарихы" атты қашықтықтан облыстық бейнеролик байқауы**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2020 жылдың 25 қарашадағы № 3-8/5873 хатына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығында балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 16 желтоқсан –

Тәуелсіздік күніне орай 10-11 желтоқсан күндері «Менің отбасымның тарихы» атты қашықтан облыстық бейнеролик байқауы өткізілді.

Байқауға облысымыздың жалпы орта білім беретін мектептерінің және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары, колледж студенттері қатысты. Бейнероликте тәуелсіздік алу қарсаңында немесе тәуелсіздік жылдарындағы отбасы мүшелерінің елімізді дамытуға қосқан үлесі көрсетілуі тиіс болатын. Барлығы 120 оқушы және 6 студент өз жұмыстарын ұсынды.

Байқаудың жеңімпаздары білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификат табысталды. Оның ішінде I дәрежелі диплом-1, II дәрежелі диплом-2, III дәрежелі диплом -1.

### **"Қазақстан балалары шексіз әлемде!" облыстық балалар кинофестивалі**



Үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткізілді.

45 оқушы қатысты, 21 жеңімпаз анықталды, оның ішінде: 8- I орын, 6- II орын, 5- III орын, 2- алғыс хат.

8 оқушы республикалық кезеңге жолданды.

### **"Театрдың ғажайып әлемі" облыстық фестиваль байқау**



Фестиваль-байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу, тұлғаның үйлесімді дамуы, өз ойын білдіру, әлемді эстетикалық және бейнелі тану факторы ретінде балалар мен жастардың театр шығармашылығын қолдау және дамыту, тұлғаны үйлесімді дамыту, өзін-өзі танытуға, әлемді эстетикалық және бейнелі тануына ерекше қабілеттерін қалыптастыру және дамыту.

107 оқушы қатысты, 111 жеңімпаз анықталды, оның ішінде: 8- бас жүлде, 8- I орын, 16- II орын, 24- III орын, 55- алғыс хат. 8 оқушы республикалық кезеңге жолданды.

### **«Асқақ елдің - адал ұрпағы» атты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы онлайн-форумы**



Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың, 25 желтоқсан күні «Асқақ елдің - адал ұрпағы» атты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы онлайн-форумы өткізілді.

Форум мақсаты - жас ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен жауапкершілік, патриоттық сезімдерін



қалыптастырып, «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын жандандырып, іс-тәжірибе алмасу.

Қазіргі күні облысымызда 306 клуб жұмыс жасап, оған 4024 оқушы мүше боп еніп отыр.

Форумға облысымыздың «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері және жетекшілері қатысты. Алғашқы құттықтау сөз Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Залмуханова Альбина Муратовнаға беріліп, «Адал ұрпақ» еріктілер клубының мүшелеріне сәттілік тіледі.

Форум спикері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаменті превенция және парасаттылық басқармасының басшысы Біржан Марданұлы Хайруллин "Тәрбие тал бесіктен басталады" ұстанымымен жасөспірімдерге адал қызмет туралы айтып берді.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысын Х.Доспанова атындағы №30 ЖОББМ-нің 11 сынып оқушысы, «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының мүшесі Беренқызы Дана және Бөрлі ауданы Ақсай қаласы №6 мектеп-лицейінің директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Дина Айтқалиқызы таныстырып, «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының мүшелері өз ой-пікірлерін ортаға салды.

### **«Тамырлы тарихыммен мақтанамын» атты облыстық буктрейлер байқауы**



Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 25-28 желтоқсан күндері аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тамырлы тарихыммен мақтанамын» атты облыстық буктрейлер байқауы қашықтан өткізілді.

Байқаудың мақсаты: жас ұрпақты ізгілікке, елжандылыққа, адамгершілікке, ұлт тарихын үлгі ете отырып, туған халқы үшін аянбай еңбек етуге, ерлікке, әділдікке, адалдыққа, елінің адал перзенті болуға тәрбиелеу және шығармашыл жастарды қолдау, адамзаттың рухани азығы кітап оқуды насихаттау.

Байқауға облыс аумағындағы білім беру мекемелерінің 7-11 сынып оқушыларының кітап әуесқойлары жеке және ұжымдық жұмыстарын ұсынды. **Барлығы – 120** ға жуық үміткер қатысты. I орын – 1; II орын – 2; III орын – 3; Алғыс хат – 12.

### **«Бізді күтер бір бақыт» атты қашықтан облыстық жас таланттар байқауы**



Байқау 2020 жылдың 21-28 желтоқсан аралығында өтті. Байқаудың мақсаты мен міндеті: Оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлау;

Қысқы табиғатқа қызықтыру, Жаңа жыл мерекесі туралы танымын кеңейту; Білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарынды жастарды айқындау және қолдау көрсету.

Балаларды іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін байқау 4 номинация бойынша өткізілді:

1. **«Ең үздік хат» номинациясы** (қатысушы Аяз ата мен Қарша қызға хат жазып жібереді)
2. **«Ең үздік өлең» номинациясы** ( қатысушы жаңа жыл туралы өз өлеңін жолдайды)
3. **«Ең үздік сурет» номинациясы** ( қатысушы жаңа жыл бейнесін өз қиялына байланысты сурет салады)
4. **«Ең үздік ән» номинациясы** ( қатысушы жаңа жыл жайлы мерекелік ән жазбасын жолдайды)

Қатысушылар саны: **1150** оқушы. I орын – 15; II орын – 28; III орын – 44; Алғыс хат – 60.

**Ауылдық жерлерде тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау жүйесін енгізу және оларға қолдау көрсету мен қабілетін дамыту бойынша жол картасы**

**1. Өңірлер бөлінісінде білім беру жүйесіндегі статистикалық деректерді талдау және қалыптастыру**

**- ауылдық жерлерде тұратын дарынды оқушылар саны;**

**- көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан қалалық мектептердегі дарынды оқушылар саны.**

Ауылдық жерлерде тұратын дарынды оқушылар саны, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан қалалық мектептердегі дарынды оқушылар санын жасақтау бойынша деректер қоры жинақталды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020 жылдың маусым айынан ауылдық, қалалық жерлерде тұратын дарынды оқушылар соның ішінде, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан қалалық, ауылдық мектептердегі дарынды оқушылар саны жинақталды. Қаңтар айында толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп отырылады (жылына 2 рет толықтырылады).

**2. Республика өнірінде орталықтар құру туралы** Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының "Дарын" қосымша білім орталығы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып табылады. Кәсіпорын облыс әкімдігінің 2003 жылғы 10 ақпандағы №46 қаулысымен құрылды. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып тиісті саланың уәкілетті органы Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы.

Кәсіпорны өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Заңдарына, басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, қаулыларына және орталықтың Жарғысына сәйкес жұмыс жүргізеді.

Орталық қызметінің негізгі мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің - жалпы білім беретін, мамандандырылған, арнаулы мектептеріндегі дарынды оқушылардың - білім саласындағы оқу-тәрбие іс-әрекеттерін жүзеге асыру және шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту болып танылады. Кәсіпорынның негізгі міндеттері: интеллектуалды дарынды балалар мен жасөспірімдерді айқындау, табу, таңдау және психология-педагогикалық қостау жүйесін құру; облыстың интеллектуалды потенциалын құруына көмектесіп; балаларды қоғамда өмір сүруге бейімдеу, өскелең ұрпақтың патриоттық, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру; облыстық құрама командаларының халыаралық және республикалық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету бойынша оқушылардың құрама командаларын іріктеуге қатысу; дарынды балалармен жұмыс жүргізу, интеллектуалды дарынды балаларға арналған жұмысқа әртүрлі жоба, бағдарлама, әдіс, технология, эксперименталды алаңдарды іздестіру, айқындау, талдап қорыту және енгізу.

**3. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерінде ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау, дамыту және оқыту жөніндегі үйлестірушілерді айқындау**

Батыс Қазақстан облысы бойынша Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау үшін аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттерде үйлестірушілер анықталып, жоспарлы түрде жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

**4. Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау, дамыту және оқыту бойынша «Дарын» РҒПО мамандары, облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттерінің, орталықтардың әдіскерлері және мектеп педагогтері мен психологтары үшін оқыту семинарларын, тренингтерді өткізу**

Ауылдық жерлерде тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан дарынды балаларды анықтау мақсатында, оларға қолдау көрсету мен қабілетін дамыту бойынша олардың әрқайсысы үшін жеке жол картасы жасақталды. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2017 жылғы 19 маусымдағы №523 бұйрығына сәйкес «Дарын» қосымша білім орталығы жанынан математика және физика пәндерінен Олимпиада резерві мектебі (ОРМ) ашылды.

ОРМ мақсаттары мен міндеттері: Оқушылардың зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеттерін анықтау және оны барынша дамыту, олардың қызығушылықтарын арттыру, нәтижелі зерттеу жұмыстарымен айналысу дағдысын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасау. Қабілетті және танымдық белсенділігі жоғары оқушыларға қолдау көрсету. Ғылым негіздері бойынша облыстың олимпиада командаларын дайындау жүйесін дамыту. Облыс оқушыларының пәндік олимпиадаларда, басқа да сайыстарда көрсететін нәтижелерін көтеру.

Аталған жобаны жүзеге асыру 4 жылға есептелген (2017-2020 жылдар аралығында): I кезең – диагностикалық-ұйымдастыру кезеңі, 2017 жылдың қыркүйек және желтоқсан айларының аралығында. II кезең – тұжырымдалу кезеңі, 2018 жылдың қаңтары мен 2019 жылдың маусым айларының аралығында. III кезең – бақылау және нәтиже беру кезеңі, 2019 жылдың маусым және 2020 жылдың желтоқсан айларының аралығында.

ОРМ-нің Ережесінің 6.6 пунктiне сәйкес оқу жылы барысында Орталық базасында үш оқу сессиясы (күзгi, қысқы және жазғы) оқушылардың күзгi, қысқы және жазғы каникуль күндерiнде өткiзiледi және сессияаралық сырттай оқу жүргiзiледi. Сессиялардың ұзақтығы 6 күнтiзбелiк күндi құрайды.

Жүргiзiлген сабақтар мен оқушылардың кесiм жұмыстарының нәтижелерi бойынша оқушыларға және олардың жетекшi мұғалiмдерiне сессияаралық кезеңде орындауға үй тапсырмалары берiледi.

ОРМ-нің сессияаралық кезеңiнде оқушыларға аудандық(қалалық) бiлiм бөлiмдерiнiң басшыларының және облыстық мектеп директорларының бұйрықтарымен бекiтiлген мұғалiмдер жетекшiлiк етiп, сабақ берсе, **сессия кезiнде** жыл сайын облыстық бiлiм басқармасының бұйрығымен бекiтiлген мұғалiмдер сабақ бередi. Өткен оқу жылында математика пәнiнен 7 сыныпқа Вальдоров бағытындағы мектеп-гимназиясының I санатты математика пәнi мұғалiмi Калбаев Жандосым Темргалиевич, 8 сыныпқа Теректi ауданы, Ақсуат ЖОББМ-нiң I санатты математика пәнi мұғалiмi Маштаев Асхад Темирханович, 9 сыныпқа М.Өтемисов ат. БҚМУ оқытушысы Есетов Елжан Нурмуханович сабақ берсе, физика пәнi бойынша 7 сыныпқа Х.Доспанова атындағы №30 ЖОББМ-нiң жоғары санатты физика пәнi мұғалiмi Анесова Лаззат Гиниатовна, 8 сыныпқа №42 "Ақ ниет" гимназиясының жоғары санатты физика пәнi мұғалiмi Каримғалиева Анаргүл Нурпейсовна, 9 сыныпқа Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп – лицейiнiң жоғары санатты физика пәнi мұғалiмi Жанабиллова Карлыға Ғалымжановна сабақ берсе, биылғы оқу жылында, бұл мұғалiмдердiң қатарына Орал қаласының №41 мектеп-лицейiнiң физика пәнi мұғалiмi Мамыр Абай Рахматуллаевич және дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының математика пәнi мұғалiмi Гиззатов Жаксымбет Зинекеевич қосылды. Бұл мұғалiмдер өз жетiстiктерiмен облысқа танылып, оқушылары олимпиадалардан жүлделi орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар өткен жылдары КазНу жанындағы Олимпиадаға дайындау орталығының физика пәнi бойынша тренерi Темiрболат Айтасов, Астана қаласының №66 мектеп-гимназиясының жоғары санатты математика пәнi мұғалiмi Сонгобай Типан ОРМ оқушыларына сабақ берiп, өз тәжiрибелерiмен бөлiстi. Осы олимпиада резервi мектебiндегiде оқушыларының iшiндеде аз ғана уақыттың iшiнде үлкен жетiстiктерге жеткен оқушылары бар. Атап айтсақ физика пәнiнен 2018-2019 оқу жылында 8 сынып оқушысы Уксукбаев Тимур 9 сыныптар арасында облыстық олимпиадада I орынға ие болып, республикалық олимпиадаға қатысса, 2019-2020 оқу жылы математика пәнiнен облыстық олимпиададан I орынға ие болған 9 сынып оқушылары Гайсин Аркен, II орынға ие болған Едiге Рамазан және физика пәнiнен Уксукбаев Тимур, Тагиров Артур I орындарды иеленiп, ал

Қонысов Нұржігіт ІІ орынға ие болып Республикалық олимпиадаға жолдама алды.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ағымдағы жылғы 14 қыркүйектегі №385/15-11-04 хатының негізінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы Республикалық жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңінен олимпиада резерві мектебінің 8 оқушысы математика, физика пәндерінен жүлделі орындарға ие болса, республикалық кезеңіне қатысқан 8 сынып оқушылары Махмет Әсет және Хожантаева Алина математика пәнінен, 9 сынып оқушылары Васюра Руслан мен Муратова Жанар физика пәнінен ІІІ орындарды иеленді. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушылары арасында өткен XV облыстық «Апельсин- 2020» физика-техникалық турниріне қатысқан ОРМ-нің оқушылары Васюра Руслан, Қыдыров Сұңғат, Қазенова Жанерке, Қонысов Нұржігіт, Қапасова Айдана ІІІ жүлделі орындарға ие болса, Мақсотов Алтынбек алғыс хатпен марапатталды.

Облыстық А.Тайманов атындағы «Ақ желкен» математикалық регатасына қатысқан ОРМ-нің оқушылары Хамит Ернұр мен Қапасова Айдана І орындарға, Қоныс Назым, Хожантаева Алина, Емельянов Артем, Гайсин Аркен ІІ орындарға және Карим Айдос пен Қадырболат Ринат ІІІ орындарға ие болды.

Олимпиада резерві мектебінің сессия пән мұғалімдерімен сессияаралық пән мұғалімдеріне 3 айда бір рет онлайн сабақтары өтеді. ОРМ мұғалімдеріне Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы КазНУ жанындағы Олимпиадаға дайындау орталығының физика пәні бойынша тренері Темірболат Айтасов, Нұр Сұлтан қаласының №66 мектеп-гимназиясының жоғары санатты математика пәні мұғалімі, олимпиада резервін дайындаушы маман Сонгобай Типанмен оқу тренингтері ұйымдастырылды.

***5. Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың, спорттық жарыстардың жүлдегерлерін дайындаған ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау, дамыту және оқыту бойынша республиканың үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату***

Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың, спорттық жарыстардың жүлдегерлерін дайындаған ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан дарынды балаларды анықтау, дамыту және оқыту бойынша үздік педагогтердің тәжірибесін тарату бойынша вебинарлар, семинар-тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары өткізілді және облыс көлеміндегі дарынды балаларды анықтап, жаратылыстану-математика бағытындағы олимпиада резерві мектебі бойынша ұйымдастырылған семинарда педагогтарды тағайындап, оқушыларды олимпиадаға дайындайды.

***6. Мектеп, аудан және облыс деңгейлерінде ұйымдастырылатын білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт, әскери іс негіздерін терең меңгеруіне, олардың шығармашылық әлеуетін және дарындылығын дамытуға бағытталған қызметтің әрқилы түрлерімен және нысандарымен ауылдық жерлерде тұратын балаларды, сондай-ақ көп балалы және***

***әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды барынша қамтуды қамтамасыз ету***

Аудан бөлінісінде білім беру жүйесіндегі статистикалық деректерді талдау және қалыптастыру мақсатында 5 бағыттағы (жаратылыстану-математика, қоғамдық, эстетикалық, техникалық және спорт) жинақталған көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды оқушылар туралы мәліметпен қоса білім беру мекемелеріндегі дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын мамандар туралы да ақпарат жинақталды.

Аталған 5 бағыт бойынша облыстан 10187 оқушының мәліметі жинақталды, оның ішінде аз қамтылған отбасынан 422 оқушы және көп балалы отбасынан 1334 оқушы бар. Оның ішінде:

жаратылыстану –математика бағыты бойынша аз қамтылған отбасынан 117 оқушы және көп балалы отбасынан 454 оқушы;

эстетикалық бағыт бойынша аз қамтылған отбасынан 59 оқушы және көп балалы отбасынан 207 оқушы;

техникалық бағыт бойынша аз қамтылған отбасынан 22 оқушы және көп балалы отбасынан 126 оқушы;

қоғамдық бағыт бойынша аз қамтылған отбасынан 126 оқушы және көп балалы отбасынан 296 оқушы;

спорт бағыты бойынша аз қамтылған отбасынан 98 оқушы және көп балалы отбасынан 251 оқушы болды.

***7. Ауылдық жерлерде тұратын көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалардың балалар технопарктеріне жүйелі қатысуы (жобалау қызметі, семинарлар, бағдарламашыларға арналған хакатондар, қосымша білім беру жүйесіндегі тьюторлық курстар)***

Білім алушыларға ғылыми-техникалық салалардың креативтік әлеуетін дамыту үшін білім берудің кең спектрін ұсыну; білім алушыларға қосымша білім берудің бірегей жүйесін сақтау және даму арқылы балалардың әр алуан қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында Оқушылар сарайы базасында балалар технопарктері және бизнес-инкубаторлар желісі бойынша «Хайтек» орталығындағы «Stem», «3Д модельдеу», «IT технология», «Компьютерлік графика», «Робототехника», «Программалау», «Химиядан қызықты тәжірибелер», «Жас бағбан» үйірмелері жұмыс жасайды.

Робототехника және радиоэлектроника бойынша үйірмелердің жұмыстарын жүргізу үшін алдымен осы саланың мамандарын дайындау немесе техникалық үйірме жетекшілеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру арқылы үйірме жұмысына тартылады.

Осы орайда, ағымдағы жылы ZOOM платформасы арқылы Қазақстанның Радиоспорт және Радио әуесқой Федерациясының Президенті Сейтқұл Асаубай Жексенұлының қатысуымен орталықтың және аудандық техникалық бағыттағы үйірме жетекшілерімен оқыту-семинары ұйымдастырылды.

***8. Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар үшін жазғы пәндік ауысымдарды өткізу***

*Дарын қосымша білім орталығы жанында маусым-қыркүйек айларының аралығында облыстық дарынды балаларына арналған жазғы танымдық ауысымы ұйымдастырылады. Жылына 500 жуық оқушы демалатын болса соның 60% ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыла.*

2020 жылы Облыстағы санитарлық эпидемиологиялық жағдайға байланысты БҚО бас санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 13 маусымдағы №20-ПГВр қаулысына сәйкес мектеп жанындағы және қала сыртындағы сауықтыру лагерлерінің жұмысы ұйымдастырылмады. Ағымдағы жылы санитарлық эпидемиологиялық жағдайға байланысты жұмыстар қашықтық форматында жүргізілді.

Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №38 қаулысын негізге ала отырып, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Дарын» қосымша білім орталығының жұмыс жоспарына сәйкес балалар мен жасөспірімдердің ой өрісін дамыту, тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды қашықтан ұйымдастыру мақсатында маусым шілде аралығында «DarynLand» (summer camp) онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымы өтті. Облысымыздың, қаламыздың жалпы білім беретін мектептерінің 2-10 сынып оқушылары, яғни барлығы 620 оқушы қамтылды.

Онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымы барысында «Жайығым-алтын бесігім» атты облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, «Ұлтымыздың рухани ордасы» тақырыбында Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражайына, “Дәрілік өсімдіктер” атты табиғат және экология мұражайына, “Қолөнер-сырлы өнер” тақырыбында Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражайына және “Невозвращенная память” М.Маметова атындағы мұражайға виртуалды тур арқылы саяхат ұйымдастырылып, саяхат барысында қатысушылар өте үлкен әсер алып, өздерінің пікірлерін почта, фейсбук арқылы жолдады.

Сонымен қатар танымдық сабақтар, тренингтер, мәдени-танымдық шаралар, спорттық ойындар ұйымдастырылды. Атап айтсақ «Танысайық достар!» атты педагогикалық отряд мүшелерімен танысып, қатысушылар ватсап желісіне сәлемдеме жолдады. Сонымен қатар күнде танертен «Шынықсаң шымыр боласың» сергіту жаттығулары өткізіліп тұрды. Викториналық сұрақтар және оригами – қолөнер шеберлік сыныптары өткізілді.

«English Practicum» ағылшын тілін үйренушілерге «The Benefit» тілдер орталығының директоры Ботагоз Каримова онлайн тренингтер, қызықты ойындар өткізіп, сабақ сонында қатысушылар арасында викториналық сұрақтар болып, барлық сұраққа дұрыс әрі тез жауап берген жеңімпаз Орал қаласы №12 жалпы орта білім беретін мектебінің 4 сынып оқушысы Аққали Ләйлімшыраққа «The Benefit» тілдер орталығының атынан 2 онлайн тегін сабақ сыйға тартылды.

«Жас дарын» айдары аясында облыс оқушылары олимпиада байқау жеңімпаздарымен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Олар: Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №11 С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернат кешенінің тәрбиеленушілері қонақта болды. Атап айтсақ, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №11 С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернат

кешенінің 9 сынып оқушылары Қоныс Нұржігіт және Кадемова Айша «Жас дарын» айдарымыздың алғашқы қонақтары болды. Бұл оқушыларымыз «Дарын» қосымша білім орталығы жанындағы олимпиада резерв мектебінің физика пәні бойынша дәріс алушылары. Осы аталған мектеп-интернат кешенінің 11 сынып оқушысы, бірнеше байқаулардың жеңімпазы, бүгінгі таңда Талап Таймасұлы бастаған «Ақберен» жас ақындар мектебінің тәлім алушысы Ерболова Ақгүліммен және «Алтын белгі», «Дарынды түлек-2020» номинациясының иегері, Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде облыс бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 136 балл жинаған Тлегенова Гульнур қонақта болып, Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге қатысты 5 кеңес, бос уақытында шұғылданатын сүйікті ісі және сүйікті кітабымен бөлісті.

«Кітаптар әлемі» айдары бойынша Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасына онлайн саяхат жасалып, «My book», «Менің сүйікті кітабым» рубрикасы оздырылды.

«Шебер қолдар» оригами – қолөнер шеберлік сыныптары өткізілді. Әр түрлі заттардан тұрмысқа қажетті заттар жасау шебер сыныбында қонақта болған Закарина Әсем «Антистресс» ойыншығын жасап үйретті.

«DarynLand» (summer camp) онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымының соңғы күнінде «Жүректен шыққан жылы сөз!» атты лагерь қатысушы балалар қызығушылықпен белсене ат салысып, жазғы демалыстарының көңілді, қызықты және тиімді өткендігі туралы ойларын бөлісті.

Туризм орталықтарының ұйымдастыруымен онлайн форматта Велосипед туризм техникасынан «Мәнерлеп жүру», Жаяу туризм техникасынан «Жеке» қашықтық, Велосипед туризм техникасынан «Мәнерлеп жүру» байқаулары өткізіліп қорытындысы шығарылды. Аталмыш шараларға облыс бойынша 4050 оқушы қамтылды. Сонымен қатар «Дарын» қосымша білім беру орталығы 7 шілде мен 1 тамыз аралығында «DarynLand» тақырыбында онлайн форматта балалар демалысын ұйымдастырды. Шара барысында күн сайын спорттық жаттығулар, көңілді тікелей эфирлер, онлайн байқаулар, шеберлік сағаттар және қызықты саяхаттар ұйымдастырылды. Инстаграм желісіне тіркелген 250 бала қамтылды.

***9. Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін жеке тұлға ретінде өсуі бойынша мектептердің психологиялық қызметтерінің, орталықтардың тренингтер ұйымдастыруы***

Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін жеке тұлға ретінде өсуі бойынша мектептердің психологиялық қызметтері қашықтан оқыту бойынша мектеп психологінің кеңестері, оқушылардың зейінін дамытуға арналған жаттығулар, ойлау қабілетін арттыруға арналған және құрбыларымен қарым-қатынас орнату жаттығулары өткізілді.

***10. Зияткерлік, шығармашылық және спорттық іс-шаралардың жеңімпаздары үшін «Сен үздіксің!» облыстық форумдарын, сондай-ақ аудандық (қалалық) деңгейде іс-шаралар өткізу***



Карантин режімі кезінде балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Менің Әкем – турист» атты онлайн ашық жарысы, «Туған жерге саяхат», «Спорт LIVE» туризм бағытындағы қашықтан спорттық бағдарлау байқаулары, «07 аймақ» туризм бағытындағы қашықтан квест-марафоны, отбасылық «Әкем, анам және мен - туристік отбасы» онлайн байқауы, «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың слеті, Халықаралық туризм күніне арналған «Европа-Азия» қашықтан туристік фестивалі, «Алтын дала» қашықтан күзгі туриадасы т.б. іс-шаралар ұйымдастырылды.

2020 жылы 18-21 қыркүйек аралығында **«Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың облыстық слеті** өткізілді. Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау. Слетке 12 аудан және Орал қаласынан барлығы - 98 оқушы қатысты

«Асқақ елдің –адал ұрпағымыз» атты.сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы онлайн –форумы өткізілді. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталып үздік қатысушылар дипломдармен марапатталды.

**11. Облыстық және республикалық мұражайларға, көрмелерге, киелі жерлерге және т. б. бару**

2020 жылдың қаңтар мен наурыз аралығында туған өлкені тану мақсатында БҚО оқушыларының қатысуымен 17 жорыққа 183 оқушы қатысты. Орал қаласының тарихымен және көрікті жерлерімен танысу мақсатында 2 экскурсия ұйымдастырылып, 46 оқушы тартылды.

Ағымдағы жылдың 18–20 қараша аралығында VI облыстық «Туған жер-алтын бесік» өлкетану олимпиадасы қашықтан өткізілді. Шараның мақсаты: туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту және өлкетанулық білімін көтеру. Облыстық олимпиада екі номинация бойынша өткізілді: «Ескірткіштер ел тарихы» және «Бәйге».

Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының сайтында «Туған өлкем – Ақжайық» виртуалды өлкетану энциклопедиясы бар. Энциклопедияда «Ауыл шежіресі», «Ұлы дала перзенттері», «Балалар туризмінің тарихы», «Құнды жәдігерлер сыры», «Ескерткіштер ел тарихы», «Даланың жазылмаған аңыздары» бағыттары бойынша материалдар жинақталды. Энциклопедияда жинақталған материалдар негізінде оқушыларға виртуалды экскурсия жүргізуге мүмкіндік бар.

Абайдың 175 жылдығын мерекелеу аясында Қазақстан және басқа да елдердің аумағында Абай Құнанбаевтың ескерткіштері туралы "Әлем ұлықтаған Абай" бейнематериалы дайындалды.

2020 жылдың 1-30 қараша күндері аралығында «Музей тарих – музей тағылым» атты челленджі өткізілді. Мақсаты: жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру, мектеп музейінің қызметін жандандыру және насихаттау. Шараға 74 мектеп музейі қатысты. Мектеп музей белсенділері музейдегі құнды жәдігерді дәріптеп, жұмыстарын [Facebook](https://www.facebook.com/) әлеуметтік желісіне жариялады.

Онлайн жазғы мәдени-танымдық ауысымы барысында «Жайығым- алтын бесігім» атты облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, «Ұлтымыздың рухани ордасы» тақырыбында Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражайына, “Дәрілік өсімдіктер” атты табиғат және экология мұражайына, “Қолөнер-сырлы өнер” тақырыбында Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражайына және “Невозвращенная память” М.Маметова атындағы мұражайға виртуалды тур арқылы саяхат ұйымдастырылып, саяхат барысында қатысушылар өте үлкен әсер алып, өздерінің пікірлерін почта ,фейсбук арқылы жолдады.

**12. Ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларының мына санаттары үшін көтермелеу (ай сайын атаулы және мемлекеттік стипендиялар төлеу):**

**- облыстық және республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының және спорт жарыстары мен конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері;**

**- халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының, шығармашылық жарыстар мен конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері;**

**- оқу озаттары**

2019-2020 оқу жылында өткізілген Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарына 4 оқушыға Қазақстан-Британ техникалық және Астана халықаралық университеттерінің 100 пайыздық грант сертификаты, 4 оқушыға 50 пайыздық грант сертификаты және 4 оқушыға 30 пайыздық грант сертификаттары табысталды. 2 оқушыға Астана халықаралық университетінің ағылшын тілі пәні бойынша грант сертификаты табысталды. I, II, III орын алған жеңімпаздарға диплом және бағалы сыйлықтар табысталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі өткізілді.

Олимпиада оқу жылы бойы 4 айналымнан тұрады:

I кезең – мектепшілік. Бұл кезеңге мектепте өз күшін, интеллектуалды әлеуетін тексеру үшін барлық тілек білдірушілер қатыса алды. Осылайша, өткен қараша айындағы мектепшілік олимпиадаға жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерден 16 746 оқушы қатысты.

II кезең – аудандық (қалалық). Аудандық кезең аудандық және қалалық білім бөлімдерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Биылғы жылы бұл кезеңге облыс бойынша 4 078 оқушы қатысты.

III кезең – облыстық. Үшінші кезеңге жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептерден 455 оқушы шақырылды. Бұл аудан, қала және облыстық мектептердің 17 командасы.

Облыстық олимпиаданың қазылар алқасы құрамында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің, Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ғалымдары және «Өрлеу» біліктілікті арттыру

ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы «Батыс Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының», Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің маманы, Орал қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімдері, облыстық білім беруді ақпараттандыру орталығының мамандары, облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, облыстық тілдерді дамыту басқармасының өкілдері жұмыс жасады.

Екі күнге созылған (теориялық және практикалық) олимпиадаға қатысқан 434 (ауданнан-208, қала мектептерінен-82, облыстық мектептерден-144) оқушының 161 оқушы (ауданнан-42, қала мектептерінен-52, облыстық мектептерден-67) жеңімпаз және жүлдегер атанып, 69 оқушы алғыс хаттарымен облыстық білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша Президенттік олимпиаданың 126 оқушы (ауданнан- 83, қала мектептерінен - 16, облыстық мектептерінен 37) облыстық кезеңіне. Республикалық кезеңінің I турына 20 оқушы ( ауданнан -11, қала мектебінен -1, облыстық мектептерінен -8) қатысып 9 оқушысы (ауданнан-5, облыстық мектептерінен -4) келесі кезеңге жолдама алды.

Республикалық кезеңінен 2 оқушы (ауданнан-1, облыстық мектептерінен-1) III орынмен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндері бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсына 214 жоба 235 (он екі ауданнан-147, қаладан-50, облыстық мектептерден-38 оқушы қатысты) оқушы қатысты Нәтижесінде: I орынға 14 жоба 14 оқушы (ауданнан-5, қала мектептерінен-5, облыстық мектептерінен-4), II орынға 23 жоба 29 оқушы (ауданнан-9, қала мектептерінен-14, облыстық мектептерінен-6), III орынға 32 жоба 36 оқушы (ауданнан-19, қала мектептерінен-13, облыстық мектептерінен-4), алғыс хатпен 30 жоба 35 оқушы марапатталды. Республикалық кезеңінің бірінші турына 46 жоба 55 оқушы (ауданнан-18, қала мектептерінен-24, облыстық мектептерінен-13) өтті.

Жыл бойына білім алушыларға ғылыми және әр түрлі бағыттағы өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарын тарату, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған халықаралық, республикалық және облыстық байқаулар мен жарыстардың жеңімпаздары дипломдар, кубок және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

***13. Ауылдық мектептердің, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың оқушылары арасынан республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың, спорттық жарыстардың жүлдегерлерін дайындаған 100 үздік педагогті марапаттау***

Ауылдық мектептердің, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың оқушылары арасынан республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардан жүлдегер атанған оқушылардың педагогтерін бағалы сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталады.

**17. Жергілікті атқарушы органдардың ауылдық жерлерде тұратын, көп балалы және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан дарынды балаларға арналған жоғары оқу орындарында білім алу үшін білім беру гранттарын беру**

Аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне тиісті хаттар жолданып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына сәйкес республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білім алу үшін білім беру гранттары Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификатының балдарына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсы негізінде берілетіндігі жөнінде түсіндірілді.

**15. Жол картасын іске асыруды ақпараттық сүйемелдеу (роликтер, билбордтар, жинақтар және т. б.)**

Жыл бойы «Ауылдық жерлерде тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балаларды анықтау жүйесін енгізу және оларға қолдау көрсету мен қабілетін дамыту бойынша олардың әр қайсысы үшін жеке жол картасын жасау жөніндегі» жол картасы негізінде ұйымдастырылған барлық іс-шаралар басқарма мен білім беру ұйымдарының сайтында, Instagram, Facebook, Telegram әлеуметтік желілерінде, Ticket07.kz сайтында және БАҚ беттерінде жарияланып отырды. Облыста дарынды балаларды анықтау мақсатында жүргізілетін шаралардың видео роликтері жинақталады. «Дарын» қосымша білім орталығында «Жайық жұлдыздары» атты билбордтар жасақталды. Жыл соңында «Облыс аймағының дарынды балалармен жұмыс жүргізу туралы аналитикалық материалдар жинағы» шығарылады.

**16. Үйлестірушілердің қабілеттерді қолдау және дамыту жөніндегі жеке жол карталарының негізінде ауылдық жерлерде тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балалардың деректер базасын құруы**

«Дарын» қосымша білім орталығында ауылдық жерлерде тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан дарынды балаларды анықтау мақсатында, оларға қолдау көрсету мен қабілетін дамыту бойынша олардың әрқайсысы үшін жеке жол картасы жасақталып ( жылына 2 рет толықтырылып отырады), деректер базасы құрылды.

Барлық шараларда облысымыздың жоғарғы оқу орындары: Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Еуразиялық академиясының профессорлық-оқытушылық құрамы зияткерлік шаралардың жоғары деңгейдегі ғылыми-әдістемелік мазмұнын қамтамасыз етуде және қазылық жасап, олимпиада резервін республикалық, халықаралық олимпиадаларға әзірлеуде сондай-ақ оқушыларды жан-жақты дамуына облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығымен» тығыз ынтымақтастықта жұмыстанып келеді. Облыстық білім басқармасы дарынды балалардың шығармашылық дамуына жан-жақты қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарды жалғастыруда.

